

оның шаруашылық және мәдениет құрылысындағы табыстары социалистік құрылыстың, жұмысшы табы мен шаруалардың қуатты одағының, ССРО-ның барлық халықтарының мызғымас достығы мен туысқандық ынтымағының ұлы күшін айқын көрсетіп отыр.

Соғысқа дейінгі бесжылдықтардың тұсында-ақ Украина

**ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ
ПРЕЗИДИУМЫ**

**ССРО МИНИСТРЛЕР
СОВЕТІ**

**СОВЕТ ОДАҒЫНЫҢ КОММУНИСТІК
ПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ.**

ССР Одағының Жоғарғы Советіне ССР Одағының Министрлер Советіне Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетіне

Украин ССР Жоғарғы Советінің ұлы салтанатқа—Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығына арналған Деледелік Сессиясы Украин Советтік Социалистік Республикасының жұмысшылары, колхозшылары, интеллигенциясы және барлық еңбекшілері атынан ССР Одағының Жоғарғы Советіне, ССР Одағының Министрлер Советіне, Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетіне украин, орыс және ССРО-ның барлық туысқан халықтарының ұлттық зор мерекесіне байланысты украин халқын жылы шыраймен құттықтағаны үшін шын жүректен алғыс айтады және ССР Одағының Жоғарғы Советінің Президиумына, ССРО Министрлер Советіне, Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетіне жалынды сүйіспеншілігін және жан-тәнімен берілгендігін білдіреді.

Украин халқы шетелдік құлданушыларға қарсы—поляк шляхтасына, түрік-татар тобырларына қарсы, туысқан орыс халқымен қайта қосылу үшін ғасырлар бойы күрес жүргізді. Бұл күресте украин халқы орыс халқын әрқашанда өзінің айнымас одақтасы және сенімді қорғаушысы деп білді.

Бұдан 300 жыл бұрын даңқты Переяслав Радасында украин халқы Украинаның Россиямен қайта қосылуы туралы тарихи қарар қабылдады.

Туысқан екі халықтың бірігуі ортақ жауларға қарсы—патша самодержавиясына, помещиктер мен капиталистерге, ұлттық державашыл шовинистер мен украин ұлтшылдарына қарсы, біздің жерімізде аранын ашқан барлық шетелдік басқыншыларға қарсы күресте олардың күшін еселеп арттырды.

Украин халқының, сондай-ақ, ССРО-ның барлық халықтарының бұдан былайғы тағдыры үшін Россия пролетариатының және оның жауынгерлік авангарды—данышпан Ленин ұйымдастырып, шынықтырған Коммунистік партияның тарихи аренаға келуінің шешуші маңызы болды.

Коммунистік партия еліміздің халықтарын Ұлы Октябрь революциясының бүкіл дүниежүзілік тарихи жеңісіне жеткізді. Украин халқы орыс халқының соңынан Октябрьдің жолымен бірінші болып еріп, партияның басшылығымен суверенді ұлттық Совет мемлекетін құрды, сөйтіп, өз тарихының жаңа, шын мәнісінде даңқты кезеңін бастады.

Коммунистік партия мен Совет Үкметінің кеменгерлік саясаты арқасында украин халқы бүкіл украин жерін біртұтас мемлекетке қайта қосуды көздеген өзінің көп ғасырдан бергі арманын жүзеге асырды.

Ұлы Коммунистік партияның және оның Орталық Комитетінің төңірігіне тығыз топтасқан украин халқы еліміздің барлық халықтарымен бірге коммунизмнің салтанатына қарай сеніммен алға басып келеді.

Бүкілхалықтық салтанат күндерінде украин халқы өзінің туған ағасы—орыс халқының даңқы арта беруін, совет мемлекетінің күші мен қуатының қайнар бұлағы, Ұлы Совет Ода-

мызғымас достығын жасасын!

Бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің қуатты тірегі—біздің Ұлы Отанымыз—Советтік Социалистік Республикалар Одағы жасасын!

Коммунистік партияның басшылығымен коммунизмнің жеңісіне қарай алға баса берейік!

тының біте қайнасқан біртұтас құрамды бөлегі—Советтік Украинаның көркейе беруінің негізі болып табылатын барлық совет халықтарының мызғымас достығының даңқы арта беруін шын жүрегінен тілейді.

Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы—бұл орыс, украин халықтарының және Совет Одағының барлық халықтарының мызғымас достығының мерекесі, халықтардың толық теңправдылығы мен достық одағы туралы ұлы В. И. Лениннің іліміне негізделген Коммунистік партияның лениндік-сталиндік ұлт саясатының салтанаты.

Жұмысшылар, колхозшылар, еңбекші интеллигенция, бүкіл украин халқы ауыр индустрияны оған әрі өркендету, ауыл шаруашылығын шұғыл өрге бастыру, елімізде материалдық және рухани игіліктердің молшылығын жасау ісінде партия мен үкмет алға қойған міндеттерді жүзеге асыру үшін, елімізде коммунизм орнатудың партия жасап берген аса зор программасын ойдағыдай жүзеге асыру үшін өздерінің қаһармандық еңбегімен күресуде.

Украин Советтік Социалистік Республикасын және оның астанасы Киев қаласын ССР Одағының жоғары үкмет наградасы—Ленин ордендерімен наградтау туралы ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указдарын украин халқы асқан қуанышпен, шаттықпен, партия мен үкметке шын жүректен алғыс айтып қарсы алды.

Бұл наградалар Советтік Украинаның жұмысшыларын, колхозшыларын, интеллигенциясын ұлы Отанымыздың даңқы үшін, совет халықтарының мызғымас семьясының бақыты және көркейе беруі үшін еңбектегі жаңа ерлік істер мен табыстарға жігерлендіреді.

Қарпат қырқаларынан Донның даласына дейін, Полесьедегі Қара теңіздің жағаларына дейін—туған украин жерінің көп байтақ жазығында, бүкіл еліміздегі сыяқты, Совет мемлекетінің қуатын еселеп арттырып отырған жемісті еңбек қыза түсуде.

Украин халқы ұлы партиямыздың жеңімпаз туын, коммунизм туын бұдан былай да жоғары ұстайды, ССРО халықтарының достығын көздің қарашығындай сақтайды, жұмысшы табы мен шаруалар одағын, социалистік мемлекеттің қуаты мен қорғаныс қабілетін нығайта береді.

Украин, орыс халықтарының және еліміздің барлық халықтарының мызғымас достығы жасап, көркейе берсін!

Отанымыздың халықтарының достығы мен даңқының берік қамалы, бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің мызғымас тірегі—Советтік Социалистік Республикалар Одағы жасасын!

Туысқан Совет Үкметінің даңқы арта берсін!

Совет Одағының Коммунистік партиясының жауынгерлік штабы—Орталық Комитеттің даңқы арта берсін!

Совет халқының коммунизм орнату жолындағы күресінде дем беруші және басып күші—Совет Одағының Коммунистік партиясы жасасын!

бірлікте екенін көрді.

Езудің қарсы күресте біздің халықтарымыз біздер үшін ең қасиетті және қымбатты игілігімізге—орыс және украин халықтарының қанмен бекіген, мызғымас достығына қол сұқтанған ең аулым жауларды украин буржуазияның ұлтшылдары мен ұлы державалық шовинистерді өз жолынан сыпырып тастады.

Орыс халқы дүние жүзіне бүкіл еңбекші адамзаттың асқан көсемі—данышпан Ленинді берді. Ленинизм орыс мәдениеті мен ғылымының ғана емес, сонымен бірге дүниежүзілік мәдениет пен ғылымның жоғары табысы болды. Ленинизм—еңбекшілердің азаттық жолындағы күресінде олардың жеңімпаз қаруына айналды.

Россияның барлық ұлттары мен ғасырлар бойы езілген еңбекшілер бұқарасы, жұмысшы табы, оның жауынгерлік авангарды—қуатты Коммунистік партия арқылы халықтарды әлеуметтік және ұлттық жағынан азат етудің ұлы ісін жүзеге асырған сенімді басына тарихта бірінші рет ие болды.

Украинаның жұмысшылары, шаруалары және интеллигенциясы Коммунистік партияның ұлы ұйымдастырушысы, адамзаттың данышпаны Владимир Ильич Лениннің: «Тек қана ұлы орыс және украин пролетарлары бірлесіп қыймыл жасағанда, еркін Украинаның болуы мүмкін, мұндай бірлік болмаса, еркін Украина туралы сөз болуы да мүмкін емес» деген мәңгі жасайтын сөздерін өз жүрегіне қасиетпен сақтап келді және сақтап келеді.

Украин халқы орыс халқының соңынан бірінші болып еріп, адамзаттың тарихында бетбұрыс болған Ұлы Октябрь революциясының жолына түсті. Коммунистік партияның басшылығымен, ұлы орыс халқының төңірегінде біртұтас социалистік мемлекетке—қуатты, мызғымас Совет Одағына біріккен еліміздің халықтары адамзаттың тарихында тұңғыш рет езушілік пен теңсіздіктің қандайынан болса да құтылған шын мәнісіндегі еркін халықтарға айналды.

Совет Үкметі мен Коммунистік партияның арқасында ғана, орыс халқының және еліміздің барлық халықтарының туысқандық көмегімен украин халқы өзінің бүкіл тарихында тұңғыш рет өз мемлекетін құрып, бостандық пен бақытқа ие болды.

Екі ұлы халықтың—орыс және украин халықтарының және ССРО-ның барлық халықтарының достығының өмірлік қуатты күші азамат соғысы мен соғыс интервенциясы жылдарында, социалистік құрылыстың барлық кезеңдерінде, Ұлы Отан соғысының сұрапыл тұсында өсіп, нығай түсті.

Совет Одағы халықтарының туысқан семьясында украин халқы өзінің материалдық және рухани күштерін бұрын болып көрмеген дәрежеде көркейтін, бүкіл украин жерін біртұтас украин мемлекетіне қайта қосу жолындағы өзінің ғасырлардан бергі арманын жүзеге асырды. Ұлы социалистік державаның—Совет Одағының біте қайнасқан біртұтас құрамды бөлегі—Украин Советтік Социалистік Республикасы көзірті уақытта Европадағы ең ірі мемлекеттердің бірі болып табылды. Советтік Украина бірсыпыра негізгі экономикалық көрсеткіштер жөнінде Франция, Италия және басқалары сыяқты капиталистік елдерді анағұрлым басып озды.

Советтік Украина қуатты және озат индустриясы, өркендеген ауылшаруашылығы мен үнемі дамып келе жатқан мазмұны социалистік, түрі ұлттық украин совет мәдениеті бар республикаға айналды.

Революциялық азаттық күрестің бірлігі орыс және украин халықтарының мәдениет байланыстарын нығайта түсті. Украин мәдениеті ерте кезден бастап-ақ алдыңғы қатарлы орыс мәдениетінің идеяларымен байытылып келді. Россияның ұлы қайраткерлері мен ойшылдары—Пушкиннің, Белинскийдің, Герценнің, Чернышевскийдің, Гогольдің, Некрасовтың, Горькийдің бостандық сүйгіш сөздері самодержавиеге қарсы күреске жігерлендіріп, орыс, украин халықтарының және еліміздің барлық халықтарының ұлдары мен қыздарын бір-бірін өзара құрметтеу және достық рухында тәрбиелеп келді. Украин халқының ұлы жырышылары Тарас

Мектепке аздамайды. Украин халқы интервенциямен қорытқан агенттерінің мардымсыз тобын өзінің қас жаулары деп жек көріп, оларға лағынан айтады.

Біздің достығымыз—коммунизмнің жеңісі жолындағы күресте мызғымайтын ұлы күш, бүкіл прогресшіл адамзат үшін дем беруші ұлы үлгі. Жер шарындағы миллиондаған адамдар Совет Одағына өздерінің назарын аударып, халықтар мен ұлттардың көркеюін, халықтардың шын мәнісіндегі достығы мен теңдігін, олардың ынтымағы мен өзара көмектесуін тек социализм ғана қамтамасыз етіп отырғанын айқын көруде.

Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығының ұлы мерекесі бүкілхалықтық социалистік жарысқа ұласты. Советтік Украинаның еңбекшілері Россия Федерациясының колхозшылары мен механизаторларының жарысқа шақырған үндеуін асқан зор бірауыздылықпен қарсы алды. Олар ауыл шаруашылығын оған әрі өркендетуде жаңа табыстарға жетуге барлық күшін жұмсауда.

Бүкіл украин жерінде игілікті творчестволық еңбек қыза түсуде. Заводтар мен шахталарда, егіс даласы мен лабораторияларда Коммунистік партия басшылық етіп отырған республиканың еңбекшілері коммунизм орнатудың аса зор программасын жүзеге асыру үшін зор жігермен күресуде. Бұл программаны ойдағыдай жүзеге асырудың жұмысшы табы мен шаруалардың одағын, халықтар достығын оған әрі нығайтуға, бүкіл советтік қоғамның моральдық-саяси бірлігіне, Совет мемлекетінің қуаты мен халықаралық беделін оған әрі арттыра беруге және бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті нығайтуға көмектесетінін біз терең түсінеміз.

Біз, украиндықтар, өзіміздің орыс ағамыз, сенімен бірге, Отанымыздың барлық халықтарымен бірге елімізде материалдық және мәдени байлықтардың молшылығын, халыққа керекті тұтыну заттары мен азық-түліктің, біздің үздіксіз өсіп отырған өнеркәсібімізге керекті шикізаттың молшылығын жасау үшін күшімізді аямай жұмсаймыз. Туысқандық дәнекерлермен біріккен, социалистік құрылыс жағдайында өмір сүріп отырған халықтар бұл міндетті орындай алады,—бұл міндетті біз аброймен орындап шығамыз да!

Орыс ағаларымыз бен інілеріміз және апа-қарындастарымыз! Біздің қымбатты достарымыз бен жолдастарымыз! Бүгінгі мерекелі көктем күндерінде украин жері нұр сәулеге бөленіп, гүл жайнауда. Мереке кірмеген бірде-бір үй жоқ. Украин халқы біздің туысқан Советтік Отанымызды мадақтап, даңқын көтеруде.

Ұлы сөздерді тағы да қайталап айтамыз. «Хай живе нерушимая дружба вільных радянських народів!» («Еркін совет халықтарының мызғымас достығы жасай берсін!») Біз бұл сөздерді балаларымызға, немерелерімізге және немерелеріміздің немерелеріне өсиет етіп қалдырамыз. Бұл өсиет болашақтағы ұрпақтардың жүрегінде, ойында және ісінде жасай берсін!

Біздің досымыз және ағамыз, орыс халқы, сенімен бірге, Совет Одағының барлық халықтарымен бірге біз барлық жеңістеріміздің дем берушісі және ұйымдастырушысы—біздің Совет Одағының туысқан Коммунистік партиясының құрметіне, біздің туысқан Совет Үкметінің құрметіне ұран көтеріміз.

Партияның сәулетті ақыл-ойы, оның батыл, жалынды, ізгі жүрегі—Орталық Комитеттің даңқы арта берсін! Совет Үкметінің даңқы арта берсін! Біздің Советтік өмірімізде тамаша және қуанышты байлықтардың бәрін жасап бергені үшін партия мен үкметке бүкілхалықтық рахмет!

Маркетін—Энгельстің—Лениннің—Сталиннің туы астында, біздің даңқты Коммунистік партияның, туысқан Совет Үкметінің басшылығымен, Отанымыздың халықтарының, достас халықтардың, бауырлас халықтардың топтасқан сапында адамзат бақытының биік шыңы—коммунизмге қарай алға баса береміз!

Халықтардың лениндік-сталиндік достығының даңқы артып, көркейе берсін!

Туысқан ұлы орыс халқы, даңқы арта берсін!

Біздің қуатты Отанымыз—Советтік Социалистік Республикалар Одағының даңқы арта берсін!

Украин ССР Жоғарғы Советінің Украинаның Россиямен қайта қосылуының

300 жылдығына арналған Мерекелік Сессиясында 1954 жылғы 22 майда қабылданды.

Украин ССР Жоғарғы Советінің Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығына арналған Мерекелік Сессиясында 1954 жылғы 22 майда қабылданды.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Біздің үйірмеде

Қалалық және бөлімшілік партия ұйымының жаңыдағы СОКП тарихын үйренетін негізгі типті үйірмеде оқу жылының алғашқы күндерінен бастап сабақ кезінде өтіп келеді. Тыңдаушылардың жалпы білім дәрежесі әртүрлі. Сондықтан, бұл ерекшелікті еске алып, кейбір жалпы білімі төмен коммунистермен жеке жұмыс жүргізу қажет болды.

Рас, алғашқы кезде кейбір тыңдаушылардың өңімідегі мәселені талқылауда белсенділігі төмен болып келді. Бірақ, оқу жылының соңғы екі-үш айынан кейін бұл жағдай мүлде өзгерді. Тыңдаушылардың бәрі де сабаққа белсене қатысатын болды. Бұған мен қалай жеттім?

Өңімізде тыңдаушылардың белсенділігін арттырудың негізгі шарты — оқу материалын өзгерту (жағдаймен, тыңдаушылардың өздері жұмыс істейтін мекемелердің өмірінен алынған фактілермен байланыстыру болып табылады. Бұл әдіс әрбір сабақта кеңінен қолданылды. Кейде даярлығы кем тыңдаушылармен әңгімелесіп, жеке мәселелер бойынша консультациялар жасауға, кітаптан жұмыс істеу жөнінде кеңес беруге тура келді.

Сонымен қатар, сабақта белсенділік көрсеткен тыңдаушылардың инициативаларын қабырға газетінде, партия жыйналыстарында, коллектив жыйналысында үнемі қолдап отырудың тиісті нәтижесі болды. Осының нәтижесінде коммунистердің ғана емес, партияда жоқ жолдастардың да саяси білімі деген ынталылығы артты. Май айының алғашқы жартысында үйірме оқу программасын толық өтті.

Мұнан кейін үйірме тыңдаушыларымен қорытынды сабақтарды өткізу жөнінде арнаулы әңгіме өткізілді. Онда қорытынды сабақтардың мақсаты тыңдаушылардың жыл бойы алған білімдерін бағалау ету, кейбір теориялық күрделі мәселелерді қайталау екені айтылды. Сөйтіп, қорытынды сабақтарда талқыланатын мәселелер анықталды. Қорытынды сабақтарға бұлай әзірлену өзінің тиісті нәтижесін беруде.

Жақында біздің үйірмеде алғашқы қорытынды сабақ өтті. Тыңдаушылар Акимов, Мұхамеджанов, Попов, Әбдіразақова, Қолмоғова және басқалары сабақта қойылған мәселелерді талқылауға белсене қатысып, партиямыздың тарихы мен теориясын үйренуде терең білім алғандықтарын байқатты. Мәселен, Мұхамеджанов жолдас өзінің өңгімесінде басыбайлы шаруалардың ауыр тұрмысын, крепостнойлық правоның жойылу себептерін, Россияда өнеркәсіптің өркендеуін толық баяндап, өзінің сөзін маркстік-лениндік қағидалармен бекітті. Келесі қорытынды сабақтар да тыңдаушылардың зор белсенділігімен өтетініне сенім зор.

И. ПРЯДКО,
Үйірме насихатшысы.

ҮГІТ ЖҰМЫСЫ ЖАҚСАРА ТҮСТІ

Аманкелді атындағы колхоздың (Преснов ауданы) үгітшілері егішшілер мен механизаторлар арасындағы саяси жұмысты кеңінен өрістетте түсуде.

Үгітшілер К. Бекбожин, Т. Бекбожин

СЕЛО КОММУНИСТЕРІНІҢ МАРКСТІК-ЛЕНИНДІК ОҚУЫ

Быйыл Петропавл ауданының 500 дей коммунистері мен комсомолецтері және партияда жоқ активтері партия оқуының түрлі буындарында оқып, өздерінің саяси білім дәрежелерін арттыруда. Коммунистердің саяси білімге деген ынталылықтарына сүйене отырып, партия ұйымдары үстеміздегі оқу жылы партия оқуын ұйымдастыру жөнінде бірқатар шараларды жүзеге асырды.

Саяси мектептер мен үйірмелердің, көпші партия мектебінің тыңдаушылары ЦСРО Жоғарғы Советінің V сессиясының материалдарын, СОКП Орталық Комитеті септябрь Пленумының қарарларын оқып үйренді. Партия ұйымдарының бүкіл идеологиялық жұмыстары марксизм-ленинзм негізінде, өмірмен тығыз байланысты жүргізілетін болды.

Партия ұйымдары партия оқуының түрлі жүйелерінің жұмысымен терең танысып, үйірмелер мен саяси мектептерде ұйымдастыру жұмысындағы үстерттікті, коммунистерді партия оқуының буындарына таңдап алуға еріктілік принциптерінің бұрмалау фактілерін ашты. Сөйтіп, партия оқуын ұйымдастыруда орын алған әлеулі кемшіліктер мен қалыңдықтарды жою жөнінде қажетті шараларды жүзеге асырды. Мәселен, Фурманов атындағы колхоз партия ұйымының жаңыдағы негізгі типті үйірменің құрамында 5 тыңдаушы болды. Бұлардың төртеуі жастары асқан қарт және шала сауатты адам, ал бір тыңдаушының орта дәрежелі білімі бар. Сондықтан үйірмені тарапту қажет болды. Осы сыяқты екі саяси мектеп таратылып, олардың тыңдаушылары жалпы білім беретін кешкі мектептерде оқытып болды. Партия оқуында коммунистердің еріктілік принципінің жүзеге асырудың нәтижесінде партиямыздың тарихы мен теориясын өзінің үйренушілердің саны екі есе өсті.

Кәзір аудандық партия комитеті саяси мектептер мен үйірмелердің жұмысын өткізілген сабақтардың санымен және тыңдаушылардың сабаққа қатысу процентімен емес, сабақтың идеялық-теориялық дәрежесіне қарай бағалайтын болды. Мұның өзі тыңдаушылардың белсенділігін арттыруда.

Партия оқуы жүйесіндегі ертіхандар мен қорытынды сабақтар тыңдаушылардың өткен материалдарды терең игеру мақсатында жүргізіледі. Сондықтан кәзір барлық жерлерде оқу жылының үлгілі аяқтау үшін әзірлік жұмыстары жүргізілуде.

Кешкі партия мектебі оқу программасын 15 майда толық өтті. Мұнда соңғы сабақта оқытушылар тыңдаушылармен бірлесіп отырып, қайталауды қажет ететін теориялық мәселелерді анықтады. Сөйтіп, партия тарихы бойынша «Большевиктік партияның соғыс, бейбітшілік және революция мәселелері жөніндегі теориясы мен тактикасы», «Буржуазиялық демократиялық революциядан социалистік революцияға өту туралы маркстік-лениндік қағида» деген тақырыптар және басқа да мәселелер бойынша топтық кон-

тылығы мен күшінің қайнар бұлағы» деген тақырыптар жөнінде топтық консультация өткізілді. Сонымен қатар, тыңдаушылардың тілегі бойынша барлық мәселелер жөнінде жеке консультациялар жасалуда.

Аудандық партия комитетінің кітапханасы СОКП тарихын үйренушілер үшін, сондай-ақ, саяси мектептердің тақырыптары бойынша әдебиет-көрмеде рін ұйымдастырды.

Үйірмелер мен саяси мектептердің көпшілігі оқу программасын кезінде аяқтап, қорытынды сабақтарға кірісті. Насихатшылар қорытынды сабақтардың мақсаты тыңдаушылардың білімдерін баянды ету екенін еске алып, оның жыл бойы өткен материалдардың ең күрделі мәселелері бойынша өткізуде. Мәселен, «Луч Ленина» колхозы партия ұйымындағы СОКП тарихын үйренетін негізгі үйірменің алғашқы қорытынды сабағында «Халық бұқарасы мен жеке адамдардың тарихтағы ролі туралы» мәселе талқыланды. Ал, Асанов разьесіндегі үйірмеде тыңдаушылардың талқылануына бірінші орыс революциясы кезіндегі большевиктер мен меньшевиктердің тактикасы қойылды. Тыңдаушылар қорытынды сабақтарға белсене қатысып, оқу жылы бойында өткен материалдар бойынша терең білім алғандықтарын байқатты.

Алайда, кейбір жерлерде қорытынды сабақтарды ұйымдастыруда әлеулі кемшіліктер де жоқ емес. Сталин атындағы колхоз партия ұйымының жаңыдағы үйірменің насихатшысы Шөкенов жолдас алғашқы қорытынды сабаққа жыл бойы өткен материалдар бойынша тыңдаушыларға жалпылама сұрақ қойып, оны емтиханға айналдырды. Ал, Петропавл совхозы партия ұйымының жаңыдағы үйірменің насихатшысы Михайлов жолдас тыңдаушылардың тілегімен санаспай, қорытынды сабаққа өзінің ойына келген мәселелерді қойған. Сондықтан тыңдаушылардың бірде-бірі сабақта сөйлемеген. Ақырында насихатшы барлық мәселелерді өзі айтып беруге мәжбүр болған. Әрине, мұндай сабақтың ешкімге пайда келтірмейтіні кімге болса да мәлім.

Аудандық партия комитеті бұл фактіні кезінде көріп, қорытынды сабақтарды өткізуде кемшіліктерге жол бермеу жөніндегі тиісті шара қолданды. Ол Сталин атындағы колхоз және совхоздағы үйірмелердің алғашқы сабақта орын тепкен кемшіліктерді ауданның барлық партия ұйымына хабарлап, насихатшыларды ескертті. Аудандық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінің қызметкерлері аудан колхоздарында жиі болып, қорытынды сабақтарды ұйымдастыру жөнінде насихатшыларға қажетті методикалық кеңес беріп жүр.

Біз партия оқуы оқу жылындағы ертіхандар мен қорытынды сабақтарды дұрыс ұйымдастыру арқылы коммунистердің маркстік-лениндік білімге деген ынталылықтарын арттыра беруді партия



Булаев ауданы, Маленков атындағы жана ұйымдастырылған астық совхозында.

Краснодарлық тракторшы Георгий Петренко (Булаев станциясынан 7 түп сайың, акация және терек ағаштарын әкелген еді. Ол бұл ағаштарды өз шағырының жанына еккен болатын. Бұл ағаштар кәзір көптен келеді.

СУРЕТТЕ: Георгий Петренко қайың ағаштарын күтіп, баптап жүр.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

Оқушылар конференциясы

Мамлют аудандық кітапханасында жуырда «Ұлы орыс және украин халықтарының достығы» деген тақырыпқа оқушылар конференциясы өткізілді. Конференцияда орта мектептің оқытушысы А. Бондаренко жолдас Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы туралы баяндама жасады. Баяндамадан соң оқытушы В. Бусыгина жолдас украин жазушысы Натан Рыбактың «Перейслав Радасы» романы туралы, орта мектептің аға пионер вожатыйы Ушакова жолдас жазушы Борис Горбатовтың «Бағынбағандар» кітабы туралы, механик Коробкин жолдас жазушы Ваңда Василевскаяның «Шұғыла» романы туралы сөйледі.

Конференциядан соң кітапхананың көркемөнер үйірмесі мүшелерінің күшімен кітап оқушыларға концерт берілді.

Аудандық кітапхананың инициативасымен Воскресенка селолық кітапханасында ауыл шаруашылығы озаттарымен кездесу кеші өткізілді. Сол сыяқты, осы селодағы оқу үйінде ауылшаруашылық мәселелері бойынша сұрақ-жауап кеші болып өтті.

Аудандық кітапхана көктем егісі кезінде 12 жылжымалы кітапхана жабдықтап, оларды трактор бригадаларына жіберді.

Кітапхананың оқу залында «Тың және

Теміржолшылар күнін лайықты табыстармен қарсы алайық



Тасымал жұмысын жақсартуға игілікті үлесімізді қосамыз

Москва қаласы мен Москва облысы кәсіпорындарының еңбек өнімділігін онан әрі арттыру жөніндегі бағбаны бастамамын қызу қостап, біздің бригаданың мүшелері өздеріне жаңа көтеріңкі міндеттемелер алды. Ай сайын үш паровозды жоспардан артық жөндеуге, айлық өндірістік жоспарды үнемі 3—4 күн мерзімінен бұрын орындауға, материалдарды ұқыпты жұмсау арқылы жыл аяғына дейін 100 мың сом қаржы үнемдеуге міндеттендік.

Бұл мақсатымызға жету үшін жұмыс уақытын, өндіріс мүмкіншіліктері мен резервтерін сарқа пайдаланудамыз. Теміржолшылар күнін лайықты өндірістік табыстармен қарсы алу күрметіндегі социалистік жарысқа қызу ұшпаққан бригада мүшелері барлық мүмкіншіліктерді тиімді пайдаланып, жоғары еңбек өнімділігін беруде.

Слесарьлар В. Харенко, А. Жильцов, В. Молчанов жолдастар паровоз жөндеуде үздік табыстарға жетіп жүр. Бұлардың әрқайсысы смена сайын нормаларың 300—350 процент орындап, еңбек өнімділігін үш есеге дейін арттырды. Оның үстіне аталған слесарьлар паровоз жөндеудің технологиялық ережелерін мұқият сақтап, ақауға жол бермей жөндеу жұмысының сапасын едәуір жақсартты.

Сол сыяқты, бригаданың басқа мүшелері де сменалық тапсырмаларын толық және артығымен орындап келеді. Осының нәтижесінде бригада локомотивтерді жөндеуде айтарлықтай табыстарға жетті. Бригада осы жылдың өткен төрт айының өндірістік жоспарын мерзімінен бұрын және асыра орындап шыққан болатын. Ал, май айындағы табысымыз бұдан да зор. Май айының алғашқы он күні ішінде 6 локомотивті сапалы жөндеуден өткіздік. Бұл айдың аяғына дейін бригада 19 паровозды жөндеуден өткізеді.

Атап айта кету керек, бригада жөндеген паровоздар шала жөндегендіктен жол үстінде сынып, немесе мезгілеіз жөндеуге қойылып көрпек емес.

Біз мұндай табысқа қалай жеттік? Бұған ең алдымен еңбек ұйымдастыру ісін жақсарту арқылы ие болдық. Уақытты дұрыс пайдалану, сменалық тапсырманы ұдайы толық және асыра орындау — бригада мүшелерінің дардылы ісіне айналуда дедік. Бұл өзінен өзі келген жоқ. Мен жұмыс басталмас бұрын келесі күнді атқарылатын істі жоспарлап, бригадада осыған қажетті бөлшектер мен материалдардың жеткілікті болуын қарастырамын. Ол үшін дайындау цехтарымен және бригадаларымен тығыз байланыс жасап, олардан бөлшектер мен материалдарды уақытылы алып отырамыз. Сол сыяқты, паровозын жөндеуге қоятын мапшиистермен де үнемі байланыс жасап, олардың өз локомотивтерін жөндеуге мезгілімен әзірленуіне қалағалаймыз.

А. САХНО,

Петропавл паровоз депосының

өздерінің мазмұнды әңгімелерімен егіншілер мен механизаторлардың құрметіне бөленуде. Үгіт жұмысының жақсара түсуі көктемгі егісті қысқа мерзімде, сапалы аяқтауға әсерін тигізуде.
Ө. ИБРАГИМОВ.

Дүние жүзінің экономикалық және саяси картасы курсы бойынша «Партия мен үкіметтің ССРО ауыл шаруашылығы салаларын дұрыс орналастыру туралы қаулылары», «ССРО халықтарының ұлы достығы — Совет мемлекетінің қуат-

тындарының негізгі міндеттерінің бірі етіп қойып отырмыз.

Г. АБРОСИМОВ,

ҚКП Петропавл аудандық комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі.

ғынған жерлерді өнеру бүкілхалықтық іс», «ССРО ауыл шаруашылығыч онап әрі өркендетудің программасы», «Бесінші бесжылдық жоспар» деген тақырыптарда студенттер жабдықталған.

М. ДВОРЯНЧИКОВА,
Кітапхана меңгерушісі.

Осымен қатар күн сайын смена алдында слесарьларды бүкіл бригаданың

бригадирі.

Ауыр салмақты поездар құрастыру үшін

Мен жуырда болып өткен теміржол транспорты қызметкерлері активінің Бүкілодақтық кеңесіне қатыстым. Бұл менің өмірімдегі ұмытылмас ең қуанышты кезең.

Біздің елімізде еңбек даңқ шығарады, аброй әпереді, ер, батыр атандырады. Мен теміржол транспортында мінсіз істеген еңбегім үшін сый-құрметке ие болдым. Теміржолшылардың Бүкілодақтық кеңесінде біз тасымал жұмысын жақсартудың, жүк тасуды ұлғайтудың түбірлі мәселелерін талқылады.

Партиямыз бен үкіметіміз теміржолшылар алдына зор міндет — халық шаруашылық жүгін, халық тұтынатын товарларды тез және көп тасу міндетін қойып отыр. Бұл міндеттің ойдағыдай орындалуы әрбір теміржолшының мамандығын үздіксіз арттырып, өз ісін мінсіз атқаруына тікелей байланысты.

Петропавл станциясында 1930 жылдан бері поезд құрастырушы болып істеймін. Жыл сайын поезды тез құрастырып, оның мезгілмен жөнелтуіне өз үлесімді қосып келемін. Үетіміздегі жылдық өткен айлары ішінде істеген жұмыстарды еске алайық. Біз ай сайын поезд құрастырудың, поезд ағытудың және оны сұрыптаудың жоспарын асыра орындап келеміз. Мысалға соңғы апрель айын аласақ та болады. Бұл айда мен құрастырушы болып істейтін смена жоспарды 130 процент орындады. Осы айдың өзінде гана 18 ауыр салмақты поезд құрастырып, олардың бәрін график бойынша жөнелттік.

Біздің сменада орыс та, қазақ та, украин да, татар да жұмыс істейді. Бәріміз те әрбір смена сайын жұмысты тығыз достық ынтымақпен бірлесіп істейміз. Міне, сондықтан да біздің сменамыз поездарды құрастыруда станция бойынша алдыңғы қатарда келеді.

Поезд құрастыруда істің табысты болуы үшін жалғыз диспетчердің немесе құрастырушының өнімді еңбек етуі жеткіліксіз. Поездарды тез құрастыру, оларды толық және ауыр салмақпен жөнелту, құрастыру жұмыстарымен шұғылданатын барлық мамандардың: машинистің, тіркеушінің, хабар берушінің, стрелканың өз мүмкіншіліктерін толық пайдаланып, өнімді еңбек етуіне байланысты.

Смена басталар алдында барлығымыз: диспетчер Иванов, паровоз машинисі Ке-

рюхин, оның көмекшісі Губайдуллин, су-релкашы Пыбаненко, хабар беруші Колышева, тіркеуші Прокопьев негізгі істелетін жұмыстармен алдын-ала танысып, біліп отырамыз. Уақытты босқа өткізбей, поездарды тез құрастыру, вагондарды ағыту, сұрыптау жөнінде бір-бірімізбен келісіп аламыз.

Ал, смена басталғанда әрбір адам өзінің жұмысын ұқыпты атқарады. Хабар беруші диспетчерлермен байланыс жасап, паровозбен қай вагонды қай поездан, қай жерден ағытып, қайда тіркейтінін тез білдірсе, стрелканы паровозға тез жол ашып, маған, машинистер мен тіркеушілерге вагондарды тоқтаусыз тіркеп, поезды шапшаң құрастыруға жағдай туғызып отырады.

Біз уақыттың әрбір минутын ұқыпты пайдаланамыз. Поезд құрастырудан бастап да жүк түсірушілер мен жүк түсірушілерге, жүк өлшеушілерге де өзіміздің көмегімізді тиізіп отырамыз. Петропавл станциясында түсірілетін жекелеген вагондарды ағытып, жүк түсіретін жерге анарамыз, ол жерден босаған вагондарды жүк тиетін не болмаса тіркейтін жерге жеткіземіз.

Әрбір сменада поезд құрастыруға, поезд ажыратуға байланысты әртүрлі жұмыстар атқаруға тура келеді. Мысалы, осы жылғы 20 май күні мен түнгі сменада жұмыс істедім. Бұл күні біздің смена 3 поезды графиктен бұрын құрастырды. 2 поезды ағытты, 5 поезға сұрыптау жасалды. 56 вагонды шығыс паркнен батыс паркне ауыстырып бердік. 6 поезты жөнелтілетін жолға жеткіздік.

Түнде поезд құрастырудың бұл сияқты, әртүрлі жұмыстарын атқару қиын да, жауапты да міндет еді. Тығыз ынтымақпен, ұйымшылдықпен жұмыс істеген смена бұл сыннан жақсы өтті. Жұмыстың аяғында біз поезд құрастырудың сменалық тапсырмасын 150 процент орындағанмызды білдік.

Өзіміздің шеберлігімізді үздіксіз арттыру арқылы толық және ауыр салмақты поездарды тез және көп құрастырып, жүк тасу жұмысын жақсартуда жаңа зор табыстарға жетеміз.

М. МАКАРОВ,

Петропавл станциясының поезд құрастырушысы.

Партия ұйымы және социалистік жарыс

Социалистік жарыс — жұмыста кейін қалғандарды озаттар қатарына қосып, жаппай табысқа жетуді қамтамасыз етеді. Социалистік жарыстың кең өрістеуіне, оны бұқаралық ету арқылы еңбек өрлеуіне жетісу партия ұйымдарының аса маңызды міндеті болып табылады.

Бұл тұрғыдан алғанда вагон депосының партия ұйымы басқаларға үлгі боларлықтай бірқатар жұмыстар жүргізуде. Мұнда саяси - бұқаралық жұмыс вагон жөндеушілер арасындағы социалистік жарысты мейлінше кең өрістетуге бағытталған. Цех партия ұйымдары мен партия топтары — социалистік жарысты тікелей ұйымдастырушылар.

Әрбір цехтың жұмысшылары түгел социалистік жарысқа ұштасқан. Ай сайын жарысқа қорытынды жасалады. Жарыста озып шыққан бригадаларға «Мінсіз сапалы өнім шығару бригадасы» деген атақ беріледі, ауыспалы тулар мен ымшалар тапсырылады.

Партия ұйымы (секретары Н. Чекунов жолдас) социалистік жарысты ұйымдастыруда комсомол, кәсіподақ ұйымдарына сүйенеді. Солар арқылы цехтар мен бригадалардың және вагоншылардың социалистік жарысқа ұштасуын қамтамасыз етеді.

Әдетте вагон жөндеушілер өздерінің күш-мүмкіншілігін есептеп, жеке-жеке социалистік міндеттемелер алады. Бұдан кейін бригада, цех алатын міндеттемелер келісіледі. Бұл міндеттемелер бригаданың өндірістік жыйналысында талқыланады.

Партия бюросының мүшелері цех партия ұйымдарына, партия топтарына социалистік жарысты пәрменді етіп ұйымдастыруға үнемі көмектесіп отырады. Жақында партбюроның мүшелері жөндеу цехында алынған міндеттемелердің орындалу барысын, социалистік жарыстың қорытындысын тексеріп, бірқатар кемшіліктердің бетін ашты.

Тексерісте кейбір вагоншылардың социалистік жарысқа формальді түрде қатысатыны, алған міндеттемелердің орындалмай, қағаз жүзінде қалатындығы анықталды. Ал, кейде жаны көрсеткіштерге тоқмейілсуге жол беріліп келген. Осы себепті өнімнің сапасын жақсарту, оның өзінің құнын арзандату мәселелері жете ескерілмеген.

Партбюро мүшелері аталған кемшіліктерді жою жөнінде бірқатар жұмыстар жүргізді. Бұл күндері цехтың бригадалары, жекелеген вагоншылар социалистік жарыста алған міндеттемелерін орындауда үлкен белсенділік көрсетіп, қажырлылықпен еңбек етуде.

Партия бюросы еңбек өнімділігін арт-

тыру, өнімнің өзіндік құнын кеміту жөнінде жүргізген жұмыстары туралы цех бастықтарының, бригадирлердің есебін тыңдап отырады. Жуырда өткен бюро мәжілісінде техника күшін өнімді пайдалану және еңбек өнімділігін арттыру жөнінде техникалық бөлімнің меңгерушісі С. Заливин жолдасың баяндамасы талқыланды. Бюро мәжілісінде техникалық бөлімнің жұмысындағы кейбір кемшіліктердің беті ашылып, олар бюро мүшелері тарапынан қатты сынға алынды.

Деподағы алдыңғы қатарлы цехтардың бірі — күрделі жөндеу цехы. Цех бастығы Е. Подкорытов, партия ұйымының секретары М. Михеев жолдасар социалистік жарыстың өрістеуіне толық жағдай туғызып отырады. Партия топтарының, бригадирлердің есебі цех коммунистерінің жалпы жыйналысында талқыланады. Бұл шаралар өзінің игі нәтижесін беруде. 3 айдан бері күрделі жөндеу цехы айлық тапсырмаларын үнемі асыра орындап, теміржолшылар кәсіподағының аудандық комитетінің ауыспалы Қызыл туына ие болып келеді.

Еңбек өнімділігін оған әрі арттыру үшін социалистік жарысты кең өрістетуге шақырған Москва қаласы мен Москва облысы кәсіпорындары коллективтерінің «Правда» газетінде жарияланған хатын вагон жөндеу депосының коллективі зор еңбек өрлеуі үстінде қарсы алды. Коллектив өздерінің мүмкіндіктерін жан-жақты есептеп, москвалықтардың хатына жауап ретінде көтеріңкі міндеттеме алды. Жылдық тапсырманы 20 декабрьге дейін орындауға, еңбек өнімділігін арттырып, оның өзіндік құнын 0,5 процент кемітуге міндеттенді. Материалды үнемдеп пайдалану арқылы жыл аяғына дейін, 300 мың сом қаржы үнемдеуге, жаңалық тапқыштардың бағалы ұсыныстарын өндіріске кеңінен енгізу арқылы 150 мың сом мемлекетке пайда келтіруге сөз берді. Вагоншылар алған уәдесіне беріп. Олар қазір осы алған міндеттемелерін орындау жолындағы күресте еңбектің тамаша үлгілерін көрсетуде.

Осы жылдың өткен төрт айы ішінде депо коллективі еңбек өнімділігін арттырып, материалды үнемдеуден 400 мың сомға жуық қаржы үнемдеді. Сол сияқты, жаңашылдардың іс-тәжірибелерін өндіріске енгізуден мемлекетке мыңдаған сом пайда келтірді.

Вагон депосы мен станцияның жұмысы бір-бірімен тығыз байланысты. Жасыратыны жоқ, көп жағдайда станция коллективі жөндеуге тиісті вагондарды кезінде тапсырмай, вагоншылардың жұмысына бөгет жасайды. Мұндай жағдай,

әсіресе, қыс айларында жиі кездесті. Жөндеуге тиісті вагондардың уақытында келмеуінен депода жұмыстың тоқтап тұрған кездері де болды. Қыс айларында күрделі және жылдық жөндеу цехтарындағы кейбір бригадалардың сменалық, айлық тапсырмаларын орындамауын тек осымен ғана дәлелдеуге болады.

15—17 май күндері де вагон депосында станцияның кінәсінен жұмыс тоқтап тұрды. Осы себепті үш күннің ішінде жөндеуге тиісті 23 вагон жөндемей қалды.

Социалистік міндеттемелерді мерзімінде орындау жаңашыл ұсыныстарды өндіріске кеңінен енгізуге де байланысты. Мұны партия ұйымы жете ескеріп, жаңалық тапқыштардың ұсынысын деркезінде қолдап, оны өндіріске енгізуге атсалдырып отырады. Депода арнаулы жаңалық тапқыштар бұрынғы ұйымдастырылды. Мұнда жаңалық тапқыштарға ұсынылатын тақырыптардың тізімі жазылады, жаңашылдардың жұмыс әдістері баяндалады.

Жаңалық тапқыш Е. Ляченко жолдас жартылай автоматтандыру жолымен шпаленттерді өңдеуді 5-6 есе тездетудің жолын ұсынды. Бұл ұсыныс қазір өндірісте кеңінен қолданылуда. Сол сияқты, И. Липатов, А. Ильин жолдасар да еңбек өнімділігін арттырудың жаңа әдістерін ұсынды. Жаңалық тапқыштардың бағалы ұсыныстарын өндіріске енгізу арқылы депо мемлекетке 50 мың сомнан астам пайда келтірді.

Темір жол транспорты қызметкерлері активінің Бүкілодақтық кеңесіне қатысушылардың Совет Одағының барлық теміржолшыларына Үндеуі депода зор еңбек өрлеуін туғызды. Үндеу барлық цехтарда талқыланып, оның текеті цех үйлерінің көрнекті жерлеріне ілініп қойылды. Партия ұйымы кеңеске қатысуын вагон депосының бастығы А. Кудинов жолдасың вагоншылармен кездесуін ұйымдастырды. Мұнда Кудинов партия мен үкіметіміздің теміржолшылардың алдына қойып отырған міндеттеріне тоқталды. Социалистік жарысты өрістетіп отырып, Омск вагон жөндеу депосынан жарыста озып шығуға шақырды.

Вагон жөндеу депосының партия ұйымының қазіргі алдына қойып отырған мақсаты — социалистік жарысты өрістетіп арқылы вагоншыларды жаңа еңбек табыстарына жұмылдыру. Сөйтіп, вагоншылардың алған міндеттемелерін мерзімінде орындауына, олардың социалистік жарыста озаттар қатарына қосылуына жетісу.

М. НУРПЕИСОВ.

Жас жұмысшылар емтихан тапсыруда

Бұрнағы күні жұмысшы жастардың көпші мектебінде емтихан басталды. Орта мектепті бітіруші жұмысшы-жастар өздерінің алғашқы емтиханын орыс әдебиетінен тапсырды.

Орта мектепті бітіруші, қаладағы электр сегінде кезекшінің көмекшісі болып істейтін жас жұмысшы Филипп Васильев өзінің жазбаша емтихан жұмысына «Максим Горький және Владимир Маяковский творчестволарындағы В. И. Лениннің образы» деген тақырыпты тандап алды. Ол бұл жазбаша жұмысты көркем тілмен терең мазмұнды етіп жазып шықты.

Жас жұмысшылардың көпшілігі совет әдебиетіндегі жас патриоттардың образдарын жазуды қалап алды. Олар өздерінің бұл шығармаларында Павел Корчагиннің, Алексей Мересьевтің, Олег Кошевойдың, Сергей Тюлениннің, Зоя Космодемьянскаяның, Лиза Чайкинаның патриоттық істерін толық жазып, өздерінің олардан үлгі алатындықтарын көрсеткен.

Қызғылықты экскурсия

Жуырда Қызылту жетіжылдық мектебінің (Октябрь ауданы) оқушылары Борлық өзенінің жағасындағы әк зауыдына экскурсия жасады. Оқушылар мұнда әк дайындау жұмыстарының процестерімен танысты. Сонымен бірге, мектеп оқушылары Преснов ауданындағы Жамбыл атындағы жаңа ұйымдастырылған совхоздың мұнда әк дайындауға келіп жатқан жұмысшыларымен кездесіп, ойын сауық қойып берді.

Мектеп оқушылары, сол сияқты, «Заря коммунизма» колхозының егіншілеріне концерт көрсетті.

Қазір мектеп оқушылары экскурсия кезінде өзен жағасынан жыйнаған түрлі тастарды, жәндіктерді және өсімдіктерді жүйелен, көрнекі құрал етіп дайындады.

Қ. БАЯЗИЕВ.


Алғашқы табыстар

Қаладағы Максим Горький атындағы ер балалар орта мектебінің коллективі емтиханға ойдағыдай дайындықпен келген-ді. Қазір мұнда 500-ден астам оқушы емтихан тапсыруда.

Алгебра пәнінен жазбаша емтихан тапсырған VIII класс оқушыларының 50-ден астамы «4» және «5» деген бағаға тапсырды. Ал, VII класс оқушыларының басым көпшілігі алғашқы емтихандарда жақсы көрсеткіштерге ие болуда.

Ә. ҚАСЫМЖАНОВ.

Көктемгі егіс жұмыстары тез және сапалы аяқталсын!



Маленков атындағы астық совхозының № 2 трактор бригадасы тың жер көтерудің жоспарын орындап шықты. Кубаньдық тракторшы Михаил Цымбалюк және краснодарлық саялашылар Сергей Барсуков, Аслан Нехай, Юрий Стрюк күн сайын 44 гектар орнына 103 гектар жерге тұқым сеуіп, көктем егісі кезінде еңбек үлгісін көрсетті.

СУРЕТТЕ: М. Цымбалюктің себу агрегаты жұмыс үстінде. Сол жақ жоғарғы бұрыштағы тракторшы **М. Цымбалюк**.

Суретті түсірген **А. Розенштейн**.

Тың жерлердегі қажырлы еңбек

Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығының негізі—астық өндірісін арттыру күресінің дағдыры трактор және егіс бригадаларында шешіледі. Сондықтан да біздің бригаданың тракторшылары егіс жұмыстарында тракторлардың қуатын өнімді пайдаланып келеді. Бригаданың атқаратын негізгі жұмысы—тың және тыңайған жерлерді игеру болып есептеледі.

Көктемгі егіс басталар алдында бригаданың алдына МТС қамтуындағы Молотов атындағы колхозда 700 гектар тың жерді жыртып, оған тұқым себу міндеті қойылды. Бригада мүшелері бұл абройлы міндетті орындау күресіне зор ынта-жігермен кірісіп, оны іс жүзінде орындап шықты.

Бригаданың көптеген тракторшылары еңбектің тамаша үлгісін көрсетіп жүр. Тракторшы **А. Коновалов** жолдас партияның шақыруымен тың және тыңайған жерлерді игеруде Кубаньдан біздің МТС-ке келген патриот. Ол дала жұмыстарының алғашқы күндерінен бастап еңбек өнімділігін еселеп арттырып, зор табысқа ие болған тракторшы. Коновалов жолдас тың жерді жыртуда сменалық тапсырмасын үнемі 110—120 процентпен орындап отырды. Тракторшы **Н. Гармот**, **А. Бабченко**, **Я. Вильгельм**, **С. Сербин** жолдасар да тың жерлерді көтеруде және жұмыстауда жоғары көрсеткіштерге ие болуда.

Механизаторлардың қажырлы еңбек етулері аз күндер ішінде колхозда 700 гектар тыңның көтеріліп, оған жаздық қатты бидай тұқымының себілуін қамтамасыз етті. Жерді өңдеу жұмыстары агротехникалық ережелерге сәйкес жүргізілді. Бізде жерді жырту тереңдігі жердің ерекшелігіне, топырақ қабатының қалыңдығына сәйкестендірілді. Сол сияқты, тұқымдық дән аңыздың ылғалдығына қарап 6—8 сантиметр тереңдікке сіңірілді.

Бұл күндері механизаторлар көршілес «Көктерек» колхозында егіс жұмыстарын тез аяқтау үшін ондағы механизаторларға көмек көрсетіп жүр.

Біздің бригаданың мүшелері алдында тың көтеруде әлі де болса аса маңызды міндет тұр. Ол—Молотов атындағы колхозда келесі жылдың егістері үшін пар мен зыбке 1000 гектардан астам тың және тыңайған жер жырту. Механизаторлардың еңбек өнімділігін арттыру және техниканы күзін ұстау, оны жұмысқа өнімді пайдалану арқылы бұл міндетті де орындауда жаңа табысқа ие бола беретіндіктерінде күмән жоқ.

А. ПОГУЛЯЕВ,

Совет ауданындағы, Совет МТС-нің № 12 трактор бригадасының бригадирі.

ҚҰРМЕТ ТАҚТАСЫ

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы мен Петропавл совхоздар тресінің ұсынуы бойынша дәнді дақылдар егуді қысқа мерзімде және агротехникалық жоғары сапада өткізген мына озаттар облыстық ҚҰРМЕТ ТАҚТАСЫНА жазылыс:

КОНЮХОВ АУДАНЫ БОЙЫНША:

«Путь Ильича» колхозы (председателі Бондарев, партия ұйымының секретары Локшин жолдасар);

МИЧУРИН АТЫНДАҒЫ КОЛХОЗ (председателі Базалиев, партия ұйымының секретары Манотин жолдасар);

«КОЛОС» КОЛХОЗЫ (председателі Борисов, партия ұйымының секретары Шестаков жолдасар).

МАМЛЮТ АУДАНЫ БОЙЫНША:

ЖДАНОВ АТЫНДАҒЫ КОЛХОЗ (председателі Шматков, партия ұйымының секретары Горбатов жолдасар);

«ПРОБУЖДЕНИЕ» КОЛХОЗЫ (председателі Таранов, партия ұйымының секретары Суслов жолдасар).

ПОЛУДЕНЬ АУДАНЫ БОЙЫНША:

ВОРОШИЛОВ АТЫНДАҒЫ КОЛХОЗ (председателі Мұхамедияев жолдас).

СОВЕТ АУДАНЫ БОЙЫНША:

КАГАНОВИЧ АТЫНДАҒЫ КОЛХОЗ (председателі Трофименко, партия ұйымының секретары Гриб жолдасар).

ЧИСТОВ СОВХОЗЫ (директоры Әлжанов, партия ұйымының секретары Артеменко жолдасар);

ТОҚШЫН СОВХОЗЫ (директоры Мейірбеков, партия ұйымының секретары Скопенко жолдасар);

МАМЛЮТ АСЫЛ ТҰҚЫМДЫ МАЛ СОВХОЗЫ (директоры Дворецкий, партия ұйымының секретары Чешков жолдасар);

ЯВЛЕНКА СОВХОЗЫ (директоры Бобрицкий, партия ұйымының секретары Матвиенко жолдасар).

МТС тарапынан нақтылы көмек керек

Преснов ауданындағы Жданов атындағы колхозда быйыл егіс көлемі 4 мың гектарға жетеді. Өткен жылы быйылғы егіс үшін небары 987 гектар ғана жер дайындалған. Мұның өзі егіс жұмыстарында ұйымшылдықты және бұл істе тракторлардың қуатын өнімді пайдалануды талап етеді.

Колхозда Николаев МТС-нің үш трактор бригадасы жұмыс істейді. Бұл бригадаларда 15 аттың күшімен есептегенде 36 трактор бар. Көптеген механизаторлар көктемгі егісті қысқа мерзімде өткізу—егіннен мол өнім алудың негізгі шарты екенін жете түсініп, еңбек өнімділігін күн санап арттыруда. Мәселен, тракторшылар Смирнов және Иванов жолдасар «ДТ—54» тракторымен смена сайын 6,5—7 гектардан жер жыртады. Осы сияқты тұқым себуде тракторшы Темірбаев жолдас та жоғары көрсеткішке ие болды.

Алайда, колхозды жалпы алғанда егіс жұмыстарының қарқыны өте мөте баяу

жүргізіліп отыр. Трактор бригадаларында жыртылған жерді жұмыстауға дискелер жетпейді. Бұл жөнінде МТС директоры Өуелбеков жолдасқа талай рет орынды талаптар қойылды. Бірақ, ол бригадаларды дискелермен қамтамасыз етуді ойластырмайды.

Жұмыс қарқынының төмен болуына тағы бір себеп—жанар, жағар майының жеткіліксіздігі болып есептеледі. Тракторларды жанар маймен қамтамасыз етуі МТС өз міндетіне алған болатын. Солай бола тұрсада, тракторлар жанар майдың жоқтығынан күнде 3—5 сағаттан тоқтап тұрады.

Дәнді дақылдар егісін егудің ең қолайлы мерзімдері өтіп барады. Бірақ, бұл жағдай Николаев МТС-нің басшыларын қынжылтпай емес. Егіннен мол өнім алу міндеті олардан тракторлардың тәулік бойы тоқтаусыз жұмыс істеуіне барлық жағынан қолайлы жағдайлар жасауын талап етеді.

Б. ЕЛЕУСІЗОВ.

Егіннен мол өнім алудың берік негізін қаладық

Біздің колхоздың колхозшылары мен Чапаев атындағы МТС-тің Неизвестный жолдасының басқаруындағы трактор бригадасының мүшелері үстіміздегі жылы егіннен мол өнім алудың берік негізін қалаудың бірқатар шараларын өткен жылы жүзеге асырған болатын. Өткен күзде колхозда мың гектардан астам пар мен зыб дайындалды. Оның 700 гектары тың және тыңайған жер.

Колхозшылар мен механизаторлар быйылғы қардың кеш ветуіне байланысты егіс жұмыстарын қысқа мерзімде өткізудің нақтылы жолдарын күні бұрын белгіледі: Олар дала жұмыстары басталғанға дейін (бұл іске барлық жағынан мұқият әзірленді). Тракторшылар бригадала бекітіліп берілген тракторлардың сапалы жөндеуді қамтамасыз етті. Колхозшылар егіс алаңына шығымды тұқымды жеткілікті мөлшерде әзірледі.

Сөйтіп, егіс жұмыстары осындай төлсіз әзірлікпен басталды. Біз аңыздың жаппай құрғауын күткеніміз жоқ. Демек, егістік жерлерді іріктен алып жұмыстауды жүргізе бердік. Егістің алғашқы күнінен тракторлардың күші сарқа пайдаланылды. Мәселен, «С—80» тракторына екі сыдыра жыртылып, үш саяла және екі ізде тырма тіркелді. Мұның өзі жыртылған жердің сапалы өңделуіне және аңыз кеуіп кетпей ол жерге тұқымдық дәнді кезінде сіңірілуіне мүмкіндік берді.

Дала жұмыстарында механизаторлардың барлығы да сменалық жұмыс тапсырмаларын артығымен орындап отырды. Тракторшы Ламанов жолдас жер жыртуда нормасын 110—125 процент орындады. Осы сияқты, тракторшылар Шабанов, Телятников, Зонельшильд жолдасар да егіс жұмыстарында игі табыстарға ие болды.

Быйыл колхозшылардың астық өндірі-

сін арттыру жолындағы белсенділіктері арта түсті. Жұмыс жасынан асқан қария колхозшылар **Е. Швецов**, **А. Шабанов**, **А. Жусыпов**, **М. Вейцуховский** жолдасар өздері тілек білдіріп, саялақарға тұқымдық дәнді тасуда жұмыс істеді.

Әресе, саялақашылар еңбектің тамаша үлгілерін көрсетті. Бұл істе **Т. Александров**, **В. Большаков**, **Х. Жолмалдинов** жолдасар өз міндеттеріне жауаптылықпен қарап, саялақардың тоқтаусыз жұмыс істеуіне және жұмыстың сапалы болуына жетісті.

Колхозшылар мен механизаторлардың қажырлы еңбегі 21 майда колхозда егіс жоспарының толық орындалуына мүмкіндік туғызды. Бізде барлығы 1780 гектар жерге дәнді дақылдар егілді. Өткен жылғыдан егіс жоспары 15 проценттей арттырылды.

Біз кәзіргі уақытта егіннен мол өнім алу жолындағы күрестің алғашқы қаламын ғана жүзеге асырдық. Әлі де алда маңызды міндет тұр. Ол—егінді баптап күту жұмысын тыңғылықты ұйымдастыру, егін жыйнау маусымына үлгілі әзірлену болып саналады. Колхозшылар мен механизаторлар жұмысты тығыз ынтымақпен істей отырып, алда тұрған міндеттерді аброймен орындап шығады. Сөйтіп, егін шығымдылығын арттыру күресінде жаңа табыстарға ие болады.

Бұл күндері біз келесі жылдың егісі үшін де бірқатар шараларды жүзеге асыруға кірістік. Трактор бригадасы тың жерлер өсебінен пар жыртуға кірісті. Механизаторлардың тракторлардың қуатын неғұрлым тиімді пайдалану арқылы пар жыртуды қолайлы мерзімде өткізетіндіктері сөзсіз.

П. ТАРАНОВ,

Мамлют ауданындағы «Пробуждение» колхозының председателі.

Дәнді дақылдар егуді аяқтады

Явленка совхозының коллективі дәнді дақылдар егісін жоспарын толық орындады. Совхозда барлығы 5894 гектар дәнді дақылдар, оның ішінде 2092 гектар бағалы азық, түліктік дақыл—бидай егілді. Дәнді дақылдардың 1188 гектары көктемде жаңадан игерілген тың жерлерге орналастырылды.

Совхоз коллективінің егіс барысындағы өзара социалистік жарысында үнемі алда келе жатқан № 1 ферманың (менгерушісі **Рябо** жолдас) механизаторлары дәнді дақылдар егісі жөніндегі өздеріне берілген тапсырманы совхоз бойынша бірінші болып орындап шықты. Бұл фермада, әресе, Дирецкий жолдас басқарған трактор бригадасының мүшелері айтарлықтай та-

быстарға жетті. Мұнда егіс жұмыстары кезінде сменалық тапсырмаларын орындамаған бірде-бір тракторшы болған жоқ. Ал, тракторшы **А. Ионов**, **Ф. Хахулин**, **В. Кальб**, **А. Майр** жолдасар алған көтеріңкі міндеттемелерін артығымен орындады. Осының нәтижесінде Дирецкий жолдас басқарған бригададағы әрбір 15 ат күшіндік трактормен 13 жұмыс күні ішінде жұмсақ жерге айналдырғанда 133 гектар жер жұмысталды.

Осы фермадағы Грибовский жолдас басқаратын трактор бригадасының тракторшысы **Н. Караниди** жолдас «ДТ—54» тракторымен көктемгі егіс маусымындағы тапсырмасын 109 процент орындады.

К. СЕРОВ.

Тың және тыңайған жерлерді игеруге партияның шақыруы бойынша келген кубандық Павленко жолдас басқаратын комсомол-жастар трактор бригадасы Ленин атындағы МТС-тің қамтуындағы «Таланкер» колхозында жұмыс істейді. Бригада мүшелері егістің алғашқы күнінен бастап, өзара социалистік жарысқа түсіп, тың және тыңайған жерлерді игеру жоспарын артығымен орындауға міндеттемелер алған болатын. Олар алған міндеттемелерін аброймен орындауда.

Бригада механизаторлары 15 майға дейін жоспардан тыс 68 гектар тың жыртып, жақсы өңдеді және оған дәнді дақылдар тұқымды сеуін бітірді.

Жер жыртуда Панферов және Бондарь жолдастар елеулі табыстарға жетуде. Олар «С—80» тракторымен сменалық норма-

ларын 110—115 проценттен орындап келеді. Сол сияқты «ДТ—54» тракторын жүргізуші Маслов және оның тіркеушісі Сибабаев жолдастар да өздерінің сменалық тапсырмаларын толық және асыра орындауда. «ДТ—54» тракторымен тұқым себуге Сулейн жолдас та жақын нәтижеге жетісіп жүр.

Трактор бригадалары мүшелерінің еңбек өнімділігін арттыруына колхоз басқармасы қолайлы жағдай туғызып отыр. Олар үшін арқашан ыстық тағамдар дәмді әзірленеді. Сол сияқты механизаторлар музыка аспаптары және дойбы, шахматпен қамтамасыз етілген. Бригадаға күн сайын орталық, республикалық және облыстық газеттер жеткізіліп тұрады.

Ә. САДУОВ.

ЖОҒАРЫ САПАДА

Тоқпін совхозының коллективі егісті ең қысқа мерзімде, жоғары сапада аяқтау жолында аябай еңбек етті. Механизаторлар трактордың техникалық күтімін жақсартып отырып, оның қуатын жұмысқа мейлінше өнімді пайдаланды. Сөйтіп, олар совхозда 10 жұмыс күні ішінде дәнді дақылдар егісінің жоспарын 102 процент, оның ішінде бидай егісінің жоспарын 112 процент орындауды қамтамасыз етті.

Машина қуатын өнімді пайдалануда комсомолец тракторшы Н. Яковенко, С. Матабаев, Қ. Филатов жолдастар өз ісінде шеберліктің тамаша үлгісін көрсетті. Олар «ДТ—54» тракторымен смена сайын 65—70 гектар алаңға тұқым сеітті. Сол сияқты, тракторшы Нзаимов, Латышев жолында аябай еңбек етті. Механизатор-

бүде тапсырмаларын үнемі 140—150 процент орындады.

Трактор қуатын жұмысқа өнімді пайдалану сеялшасы, тіркеуші, су, май және тұқым тасушылардың жұмысына тығыз байланысты. Мұны жақсы түсіне білген сеялшасы Кулаков, Ильичев, Трофименко, Новых жолдастар сеялшаларды техникалық жағынан жақсы күтіп, оларды жұмысқа дұрыс пайдалануға жауапкершілікпен қарады. Сеялшаға тұқым салуға уақыттың аз жұмалуына жетісті. Өз жұмыстарына мұндай жауапты қараушы жұмысшылар саны совхозда көптен саналады.

З. МҰХАМЕТЖАНОВ.

ның егіншілері көктемгі дала жұмыстарына техника күшін күні-түні бірдей өнімді пайдаланды. Мұның өзі совхозда дәнді дақылдар егіс жоспарының агротехникалық қолайлы мерзімде орындалуын қамтамасыз етті.

Егіс жұмыстарында П. Резниченко, Л. Ланг, П. Мединский, Д. Захаров жолдастар басқарған трактор бригадаларының механизаторлары шынжыр табанды

ПАТРИОТТАР ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРУДА

Булаев ауданындағы «Победа» колхозында партияның шақыруымен тың және тыңайған жерлерді игеруге Кубаньдан келген жас механизаторлардың бір тобы жұмыс істейді. Олар колхозда егіс жұмыстарының қысқа мерзімде өтуіне жетісу үшін тракторлардың қуатын дала жұ-

үнемі 120—130 процент орындап отырды. Ал, жекелеген тракторшылар, мәселен, П. Буконен жолдас «СТЗ—НАТИ» тракторымен бір сменада кейбір күндері екі норма орындады.

Кәзір совхоз коллективі егістен босаған тракторларды пар жыртуға қосты. Сонымен бірге пішен шабуға қызу әзірленуде.

Г. ЧЕШКОВ.

Мол табысты шаруашылық

Бұдан бірнеше жыл бұрын Мамлют совхозының мал шаруашылығында елеулі кемшіліктер орын алған-ды. Әсіресе, мал шаруашылығының өнімділігі төмен болды. 1940 жылы әрбір сауын сыйыр-дан 1943 килограмм ғана сүт алынды. Мұның өзі соғысқа дейінгі жылдардың ішінде сүттің мол алынған мөлшері болатын. Бұл жылы совхоздың көптеген мал өсірушілері Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысты. Осы кезден бастап совхоз асыл тұқымды мал өсіретін совхоздың қатарына қосылды. Совхоз коллективі алдына қойылған негізгі міндет — қырдың қызыл тұқымды сыйырларын көптеп өсіру, облыс колхоздары мен совхоздарына осы тұқымдас малдарды көптеп беру.

Ұлы Отан соғысы жылдарында совхоз бұл міндетті орындауда көптеген қиыншылықтарға кездесті. Коллектив мүшелері қиыншылықтарды өздерінің қажырлы еңбегімен жеңе отырып, облыс колхоздары мен совхоздарына 207 бас асыл тұқымды мал сатты. Мемлекетке 20 мың центнерден астам сүт, 2 мың центнердей ет тапсырды.

Асыл тұқымды мал өсіру, оның өнімділігін арттыруда совхоз соңғы жылдары елеулі табыстарға ие болды. 1948 жылы әрбір сауын сыйырдан 1572 килограмм сүт алынып, мемлекетке 3272 центнер сүт, 271 центнер ет тапсырса, 1953 жылы әрбір сыйырдан 3706 килограмм сүт алынды. Бұл жылы мемлекетке 6959 центнер сүт және 850 центнер ет тапсырылды. 1951 жылы 4000-5000 килограмнан сүт беретін сыйырлардың саны 27 болса, 1953 жылы 60 қа жетті. Совхозда жылына 6000 килограмнан сүт беретін сыйырлар да бар. Ондай сыйырлардың салмағы 510 килограмға дейін жеткізілген.

Совхоз соңғы төрт жылдың ішінде облыс колхоздары мен совхоздарына 327 асыл тұқымды бұқалар сатты. Оның 159-і элитті, қалғандары I және II классты бұқалар. Мұның өзі облысымызда

қырдың қызыл тұқымды сыйырларын көптеп өсіруге келеді үлес қосуда.

Мұнда соңғы жылдары сыйырлардың сүттілігі молай түсуіне негізгі бір себеп — совхоз мал өсірушілерінің мал тұқымын асылдандыру ісіне жете көңіл бөлгендіктері болып саналады. Олар алдымен аналық малдарды шағылыстыру ісіне жете назар аударады. Совхоздағы барлық бұқалар элитті болып есептеледі. Бұл бұқалардың салмағы 1000 килограмға дейін болады. Сауын сыйырларды асыл тұқымды бұқалармен шағылыстыру — алынған төлдердің салмақты әрі өнімді мол беретін асыл тұқымды мал болып өсуіне мүмкіндік береді. Бұған бір мысал келтірейік: № 2 фермада III класты жылына 4135 килограмм сүт беретін сыйыр 1950 жылы «Буяр» атты элитті бұқамен шағылыстырылды. Бұдан алынған төл быйыл екінші жыл сауылады. Оны сауыншылар «Васильинка» деп атайды. Ол енесінен әлде қайда ірі, әрі салмақты болып өтті. Оның өсу жылдамдығы мен салмағы I класты малға жатады. Бұл кезде одан күн сайын 31 килограмм сүт алынады.

Бұл фактінің өзі аналық сыйыр асыл тұқымды бұқалармен шағылыстырылса, одан салмақты әрі өнімді мол беретін төл алуға болатындығын дәлелдейді. Сондықтан да совхоз коллективі аналық малдарды көбейту, оларды асылдандыру ісіне ерекше назар беріп келеді.

Совхозда сүттің мол алынуына тағы бір негізгі себеп — сыйырлардың зоотехникалық-малдәрігерлік ережелерге сәйкес бағылып, күтілуі және азықтандырылуы. Мұнда әсіресе, малдарды жыл бойы құнарлы азықпен азықтандыру проблемасы негізінен шешілген. 1948—1949 жылдары совхозда сауын сыйырлар тек қана табиғи шөп және сабан, топанмен ғана азықтандырылатын. 1949 жылдың күзінен бастап малға табиғи шөптен басқа күніне 15—20 килограмнан сүрленген азық және тамыржемісті өсімдік беру ұйымдастырылды.

1949—1950 жылдың қысында әрбір

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне кандидат

сыйырға (14 килограмм табиғи шөп, 20 килограмм сүрленген азық және қосымша 3 килограмм жем берілді. Мұның өзі орта есеппен әрбір сыйырдан жыл бойына күн сайын 8,5—9 литрден сүт алуға мүмкіндік берді.

Мұнан кейінгі жылдары сыйырларға берілетін құнарлы жемшөптің көлемі едәуір ұлғайтылды. Әрбір сыйырға жылына 8 тонна құнарлы азық дайындалды.

Сыйырлардан сүтті мол алу мақсатымен сауыншылар зоотехникалық-малдәрігерлік ережелердің барлық шараларын мұқият жүзеге асыруға жетіскен. Ферма зоотехниктері бұзаулайтын сыйырларды суалту мерзімін белгілейді. Әрбір сыйырдың бұзаулар алдында 50—60 күн сауылмауына көңіл бөлінеді. Әсіресе, сүтті көп беретін сыйырларға жете назар аударылады. Ондай сыйырлар бұзауларға бірнеше күн қалғанға дейін күніне 12—15 килограмм сүт береді. Сыйырларды суалту кезінде құнарлы азық пен концентрат берілмейді. Сауу мерзімі өзгертіліп, сауу мөлшері азайтылады. Сыйыр сауылғаннан кейін қайтадан оған 1—6 килограмнан концентрат беріледі. Мұның өзі сыйырлардың бұзаулайтын кезінде қонды болуына қолайлы жағдай жасайды.

Фермалардағы еңбекті көп керек ететін барлық жұмыс механикаландырылған. Бұрын сыйырлар қолмен сауылса, кәзір электр агрегатымен сауылады. Малға азық аспалы жол арқылы беріледі. Мал қиын қорадан шығару ісі де аспалы жол арқылы жүргізіледі. Барлық мал қоралары тәулік бойы жарықпен қамтамасыз етілген.

ЖАҢА МІНДЕТТЕМЕ

Совхоз мал өсірушілері СОКН Орталық Комитеті сентябрь Пленумының тарихи қаулысымен жігерлене отырып, быйыл әрбір сыйырдан 4000 килограмнан сүт алуға міндеттенді. Олар міндеттемелерін орындауға белсене кірісті де.

Алдымен қыстың күні сыйырлардан алынатын сүтті жазғы уақыттан кемі-

неу үшін бірқатар шаралар жүзеге асырылды. Әрбір сыйырға 30 центнер табиғи шөп, 40 центнер сүрленген азық, 25 центнер қызылша, 5 центнер картоп, 15 центнер концентрат дайындалды.

Сыйырларды сауу және азықтандыру мал мамандарының жасаған графигі бойынша жүргізіледі. Фермадағы қызу еңбек таңертеңгі сағат 4-те басталады. Сауыншылар бұл кезде өз қарамағындағы сыйырларға 4 килограмм табиғи шөп береді. Бұдан кейін сыйырлардың төсенішін жаңартып, желінің жұмсақ шүберекпен сүртеді, осыдан соң сыйырларды саууға кіріседі. Сыйыр сауу жұмысы аяқталғаннан кейін 2 килограмм концентрат, 4 килограмм шөп беріледі. Бұл жұмыстардың барлығы сағат 7-ге дейін жүргізіледі.

Сағат 7-ден 10-ға дейін сауыншылар тынығады. Бұдан кейін сыйыр сауу жұмысы жүргізіліп, әрбір сыйырға 2 килограмм концентрат, 15—20 килограмнан сүрленген азық беріледі. Бұл азықтарды тауысып жегеннен кейін сыйырлар сағат 3-ке дейін серуенге шығарылады. Сағат 3-те сыйырлар үшінші рет сауылып, оған біржарым килограмм концентрат, 4 килограмм шөп беріледі. Сағат 4-тен 8-ге дейін сауыншылар тынығады. Сағат 8-де сыйырлар төртінші рет сауылып, 4 килограмм шөп беріледі. Сонымен қысқы уақытта әрбір сыйырға 5,5 килограмм концентрат, 16 килограмм шөп, 15—20 килограмм сүрленген азық беріліп келді. Қыста сыйырларды осындай азықтандыру, совхозда үгіміздегі жылдың алғашы төрт айында әрбір сыйырдан 1200 литрден сүт алынуын қамтамасыз етті.

Кәзіргі уақытта совхозда сыйырлардың күтімі дұрыс ұйымдастырылған. Күндізгі сағат 3-ке кейін әрбір сыйырға 3,5 килограмм концентрат, 8 килограмм шөп, 15—20 килограмм сүрленген азық беріледі. Сағат 3-тен 8-ге дейін сыйырлар могоар шөп егілген аңыздарға жайылады.

НӨК ШӨП КОНВЕЙЕРІ

Совхозда өткен жылдан бастап сыйырлар көк шөппен азықтандырылып келеді. Сыйырларды жыл бойы көк шөппен қамтамасыз ету коллектив мүшелерінің көп еңбек етуін талап етті. Совхоз механизаторлары мен жұмысшылары өткен

жылдан бастап, могоар, суданка, қызылша, картоп, овощ, сұлы, арпа, қарабидай егістерін көптеп еге бастады. Бұл егістерден алынған өнім быйыл совхоздағы барлық малды көк шөппен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етті. Кәзір совхозда бұл дақылдардың көлемі 2 мың гектардан асады.

Жазда сыйырларды көк шөппен қамтамасыз ету үшін өткен күзде 126 гектар қарабидай егілді. Бірінші июнінен бастап бұл аңызға сыйырлар таңертеңгі сағат 10 нан 4 ке дейін жайылады. Қалған уақытта сүрленген азық және концентрат беріледі. 1 июльден 31 июльге дейін могоар шөбімен, 1 августан 15 августқа дейін ерте егілген көкше сұлымен, 15 августан 30 августқа дейін кешірек егілген могоар шөбі және қызылшамен азықтандырылады. Осылайша сыйырлар жыл бойы көк шөппен азықтандырылатын болады.

СОВХОЗ САУЫНШЫЛАРЫ

Соңғы жылдары совхозда сүтті көп алудың көптеген шеберлері тәрбиеленіп өсірілді. Солардың бірі — Есенова Жамал. Ол 1942 жылдан бері совхоздың № 1 фермасында жұмыс істейді. Жамал 1952 жылы әрбір сыйырдан 3944 килограмм сүт алса, 1953 жылы 4174 килограмм сүт алды. Ол быйылғы жылы да зор көрсеткіштерге ие болады. Есенова жолдас өзінің қажырлы еңбегінің арқасында Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатынасуда кандидат болып бекітілді.

Пелагея Ивановна Анохина жолдас та облыстағы озат сауыншының бірі. Ол № 2 фермада соңғы екі жыл бойы әрбір сыйырдан орта есеппен 4126 килограмнан сүт алған сауыншы. Анастасья Радионова Громыска жолдас соңғы жылдары сауын сыйырлар табынының бригадирі болып істейді. Оның табыны совхозда ең жоғары өнім берген табын болды. Өткен жылы бұл табындағы әрбір сыйырдан 3856 килограмнан сүт алынды.

— Сыйырларды зоотехникалық-малдәрігерлік ережелерге сәйкес күтіп, азықтандыра білсең, — дейді Громыска жолдас, — сүтті мол алуға жетісетінің сөзсіз-

Біз оны өзіміздің іс-тәжірибемізден анық көріп келеміз. Сыйырларға азықты қалай болса солай беруге болмайды. Сауыншы берілген азықты сыйырдың қалдырмай жеп отыруына жетісу керек. Ол үшін біз азықты әлсін-әлсін, аздап беруді ұйымдастырдық.

Совхоз сауыншыларының жұмысындағы бір ерекшелік — сыйырларға азықты беретін өніміне қарай ұйымдастырғандықтары. Мұнда сүтті көп беретін сыйырға азық мол беріледі. Сауыншылардың осындай қажырлы еңбегі совхоздың сүт алуда зор табысқа ие болуын қамтамасыз етіп келеді.

ТАБЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАР

Совхоздың мал өсіру, оның өнімін арттыру күресінде мұндай зор табысқа жетуі партия ұйымының мал шаруашылығына күнбе-күн басшылық жасауының нәтижесі деп түсіну керек. Партия ұйымы, оның үгітшілер коллективі озат малшылардың іс-тәжірибелерін кеңінен насихаттау арқылы совхоз жұмысшыларының өндірістік ынта-жігерінің арта түсуіне жетісіп отыр. Әрбір фермада қабырға газеті уақытылы шығарылып тұрады. Ферма сайын құрмет тақташы ұйымдастырылып, фото-монтаждар жасалған.

Үгітші Ключев жолдас жақында озат сауыншы Анохина жолдасын істегі тәжірибесі жөнінде № 2 ферманың табынында әңгіме өткізді. Ол әңгімесінде сауыншының тәжірибесін айтумен бірге, табындағы кемшіліктерге де тоқталды. Совхозда лекторлар тобы да жұмыс істейді.

Мамлют асыл тұқымды мал совхозы соңғы екі жылда мал шаруашылығын өркендетуде әсіресе, сыйырлардың сүттілігін арттыруда зор табыстарға ие болды. Мұнда шаруашылық жылдары үнемі табысты аяқталып келеді. Осы себепті бұл совхоз Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне кандидат. Мұнымен бірге совхоздың 25 мал өсірушілері де ауылшаруашылық көрмесіне қатысады.

Совхоз коллективі қол жеткен табысты баянды ете отырып, быйыл бұдан да жоғары көрсеткішке ие болады.

Т. КӘДІРОВ.

МАМЛЮТКА. (Арнаулы тілшіміз)

СПОРТ

Футбол жарыстары

«Энергия» стадионнда футбол ойны сүйөшүлөр көп жыйнады. Олар кала б...

Ойун теміржолшылардын шабуулы менен басталды. Допты бір-біріне дүрыс беру аркылы инициативаны колга алган олардын шабуулдарын алаң иелери бирнеше рет тойтарып отырды.

Ойунун екінші жартысында теміржолшылар алаң иелеринин шабуулын тойгарып, кайтадан карсы шабуулга шыкты. 17 минут өткенде жас футболшы Валентин Ванчугов өтө шеберликпен «Энергия» командасынын капкасына биринши допты өткөздү.

Энергиялыктар да катты карсылык билдирди. Бирок, ойун техникасын дүрыс пайдалана билмеген олардын шабуулдары, көбінесе, сөтсиз болуп отырды.

Айта кететин бирнерсе, «Энергия» командасынын капкашысы Кондюков бул жолу напар ойнады. Онын капканы тастап кетүү, допты ұстай алмай сасып калуу өнергиялыктар үшін бирнеше хаушпн кезеңдер тудырды.

Шилеленген тартыс үстінде болган бул жарыста 1:0 есебмен «Локомотив» командасы жеңиске не болды.

«Динамо» стадионнда болган «Пищевик» командасы мен алаң иелеринин жарыстары да кызыкты өттү. Шабуулга биринши болуп пищевиктиктер шыкты. Бирок, олар бирнеше рет капкага допты алып келсе де, дөдөп ура алмады. Сөтсиздиктерге мойымаган олар шабуулды үдетте түстү. Ойуннын 18-ми минутында «Пищевик» командасынын орта шабуулшысы есеп ашты. Бирнеше минуттан кейин алаң иелеринин капкасына тагы да еки доп кирди. Ойуннын биринши жартысы аякталууга 10 минут калганда «Пищевик» командасынын коргаушысы өз капкасына допты басымен кагып өткөзип алды.

Ойуннын екінші жартысында еки жақтың футболшылары да босаң ойнады. Алма кезек болган шабуулда еки капкага бир-бир доптан өттү.

Ойун корытындысы 4:2 есебимен «Пищевик» командасынын пайдасына аякталды.

К. ӘМІРЖАНОВ.

Алматы артистеринин концерти

Алматынын Жамбыл атындагы филарномиясынын аншисі Клавдия Райская баскарган концерт бригадасы Ленин ауданынын колхоздары мен совхоздарында, МТС-теринде болуп егіншілерге 7 концерт койып берди. Филармониянын концерт бригадасы Куйбышев атындагы, Пушкин атындагы...

ХАЛЫКАРАЛЫҚ ШОЛУ

АҚШ-ТЫҢ ИНДО-ҚЫТАЙ МӘСЕЛЕСІН БЕЙБІТШІЛІКПЕН РЕТТЕГІСІ КЕЛМЕЙДІ

Женева кеңесинин барысы туралы хабарларда шетелдик баспасөз Индо-Қытай проблемасына ерекше көңіл бөлуде. Буржуазиялық газеттер, соның ішінде американың газеттері Құрама Штаттардын Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіруге мүдделі емес екенін жасырмай отыр.

«Нью-Йорк таймс» газеті жуырда былай деп жазды: «Американың ресми адамдары АҚШ-тың Индо-Қытайда соғыс интервенциясын жасау мүмкіндігі туралы мәселені жоғары орындарда қайтадан қарап жатыр. Олар бул мәселені, сірә, көзінді өзінде Индо-Қытайға қосымша күш жіберіп, соғысты онан әрі жүргізуге ұйғарған француз үкметинин қарарларына байланысты қарап отыра керек».

АҚШ бул соғысқа араласқан күнде, деп атап көрсеткен Вашингтондагы «Стар» газеті, американың соғыс стратегтері «Индо-Қытайдағы соғыста жоғарғы командованиені дереу өз қолдарына алады».

Мұндай хабарлар шындыққа сай келіп отыр. Соңғы уақытта АҚШ мемлекет қайраткерлері, Женевадағы келіссөздерді елемей, Индо-Қытайдағы соғысты ұлғайтуды және Оңтүстік-Шығыс Азия халықтарының ұлт-азаттық қозғалысына қарсы күресу үшін соғыс блогін құруды ерекше өршелене талап етуде.

Журтка мәлім, ағылшын үкметі Женева кеңесинин немен аяқталатыны қашан мәлім болғанға дейін, Оңтүстік-Шығыс Азияда «Коллективтік қорғаныс» дейтінді құру туралы өзінің қандай да болса қарар қабылдағысы келмейтінін мәлімдеді. Англияның позициясы Вашингтонда ашықтан-ашық ашынғандық тудырды. Бірақ, АҚШ билеуші топтары өз мақсаттарына жету үшін күш-жігерін бөсеңдетпеуге ұйғарып, екі жақты американың француз келіссөздерін бастады. Мұның өзі, әрине, ағылшын-американы қатынастарында белгілі шиеленіс тудырды.

Баспасөздің хабарларына қарағанда, Лондонда АҚШ-тың әрекеттері ағылшын үкметіне қысым жасау, сөйтіп, оны Индо-Қытай мәселесіндегі өз саясатын өзгертуге мәжбүр ету әрекеті деп бағаланған.

Құрама Штаттар Оңтүстік-Шығыс Азияда соғыс блогін топтастыру туралы мәселені Женева кеңесинин немен аяқталатынына және ағылшын үкметинин позициясына қарамастан шешуге тырысып отырғанын Англияға аңғартқан. Американдық «Нью-Йорк геральд трибюн» газетинин көрсеткеніндей, американың француз келіссөздері «Құрама Штаттардын Индо-Қытайда өздігінен дербес әрекет жасау, бірақ, өздері сене алатын, атап айтқанда, Австралия, Жаңа Зеландия, Филиппины және Тайланд сыяқты басқа одақтастарынын қандайымен болса да ынтымақтасып, әрекет жасау мүмкіндігін қарастырып жатқандығының айғағы деп бағалануда».

және Индо-Қытайдағы соғысты неғұрлым тез тоқтатып, бейбітшілік орнатуды қамтамасыз ету үшін осы бағытта онан әрі қадамдар жасау жолы».

Вьетнам Демократиялық Республикасының делегациясы ұсынған және Совет Одағы мен Қытай Халық Республикасының делегациялары қолданған Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіру программасы Францияның және Индо-Қытай халықтарының ұлттық мүдделеріне толық сай келеді. Бірақ, бул жол АҚШ-тың агрессияшыл топтарына тіпті де ұнамай отыр, өйткені олар қайткен күнде де Индо-Қытайдағы соғысты ұлғайтуға, Азияда отарлық төртіптерді сақтауға және Азия континентінде өз үстемдігін орнатуға тырысуда.

Оңтүстік-Шығыс Азияда соғыс блогін топтастыруға тырысқан өз әрекеттерінде американың соғыс құмарлары ешнәрседен де тартынбай отыр. Кореядағы 8-ші американың армиясының бұрынғы команданышы Ван Флит былай деп хабарлайды. Юнайтед Пресс агенттігі, Шан Кай-ши мен Ли Сын Манңы осы блогінің «Солтүстік қанатын» құруға әзірлеу үшін Тайвань мен Оңтүстік Кореяға барып қайтты. АҚШ қорғаныс министрі Вильсон мен теңіз министринин орынбасары Гейтс Токиодан Сеулге келіп, Қызыр-Шығыстағы американы қарулы күштерінің бас команданышы Хэллмен бірге Жапонияның соғыс күштеріне және оны Құрама Штаттардын Азиядағы агрессиялық жоспарларына қатыстыру мүмкіндігіне байланысты мәселелерді талқылаған.

Азияның халықтары Вашингтонның тіміскілеген әрекеттерін қырағылықпен қадағалап, Азия континентінде жағдайды бейбітшілікпен реттеуді сөтсідікке ұшыратудың және соғыс көлемін ұлғайтудың қандай әрекеттеріне болса да тойтарыс беруге әзір отыр. **ГЕРМАНИЯНЫ БІРІКТІРУ — НЕМІСТЕРДІҢ ӨЗ ІСІ**

Жуырда Берлинде Демократиялық Германияның ұлттық майданының екінші Ұлттық конгресі болып өтті. Оның жұмысына елдің екі бөлігін келген 5 мыңға жуық делегаттар мен қонақтар қатысты. Конгреске қатысушылар миллиондаған немістердің атынан Германияны бейбітшілік және демократиялық негізде неғұрлым тез біріктіруді талап етуге өздерінің берік бел байлағанын мәлімдеді.

Бүкіл неміс халқына арнаған үндеуінде конгресс мынаны атап көрсетті: елдің екі бөлігіндегі немістер арасында келісім жасау нәтижесінде ғана Герман мемлекетинин бірілігіне жетуге болады, сондықтан «көзінді кезеңнің талабы: «Немістер — бір етте бас қосайық!» деген ұлттық ұранды жүзеге асыру болып жабылады».

«Неміс халқының, — делінген үндеуде, — екі түрлі жолы бар: оның бірі — «европалық қорғаныс бірлестігін» құру, Батыс Германияны ремилитарландыру, өзара қырғын соғысқа және дүниежүзілік соғысқа әкеліп соқтыратын Германияның бейбітшілігін онан әрі қарастыру жо-

көзінді өзінде халықтың пікірін сұрай бастады. Дюссельдорфте, Регенсбургте, Хофта және Батыс Германияның басқа қалаларында халық пікірін сұраудың алғашқы нәтижелері немістердің басым көпшілігін «европалық армияға» қарсы, бітім договорын жасасуды және шетелдік әскерлерді әкетуді жақтап пікір айтқанын көрсетеді.

Батыс Германияның немістері Бонн үкметинин халыққа қарсы әрекеттері жөнінде ешқандай үміт-артып отырған жоқ. Аденаурдің өзінің және өз тобының Германияны қайта қосқысы келеді-міс деген екі жүздік сылтаулары тек алданғысы келетіндерді ғана алдай алады. Бонн көкшілдеринин Германияның бөлшектенуін мәңгі сақтауға және Батыс Германияның европалық соғыс блогіне қамтуға бағытталған қылмысты жоспарларын қадам басқан сайын жүзеге асырып отыратынын Батыс Германияның халқы айқын көруде. Міне, сондықтан да Батыс Германияда осы қылмысты саясатқа үзілді-кесілді тыйым салу талабы барған сайын күшті қойылуда.

Берлин кеңесінде Герман мәселесі жөнінде Совет делегациясы енгізген ұсыныстар бүкіл Германияда қызу мақұлданып қарсы алынды. Германияның бірлігіне жету және герман проблемасын шешу үшін ең алдымен елдің екі бөлігін бір-бірімен жақындастыру қажет екеніне неміс халқының ең қалың топтарының көзі айқын жетуде. Бірақ, Бонн үкметі немістердің өзара жақындасуына барынша қарсыласып, халықтың үніне құлақ салғысы келмей отыр.

Совет Үкметинин Европадағы коллективтік хауіпсіздік туралы жалпыевропалық договор жасасу жайындағы ұсыныс Германяда зор ынта тудырып, халық оны қолдауда. Европада хауіпсіздік системасын құру идеясын немістерді өзиче тартып отырған себебі ең алдымен сол, мұндай система Европаның бөлшектенуін және Батыс Европалық мемлекеттердің соғыс тобын Совет Одағына, Шығыс Европаның бейбітшіл елдеріне қарама қарсы қою саясатын үзілді-кесілді жойған болар еді. Оның үстіне жалпыевропалық договор герман мәселесін реттеу үшін анағұрлым қолайлы жағдай тудыруға көмектескен болар еді.

Журтка мәлім, Совет ұсыныстарында былай деп көрсетілген: герман мемлекетін біріктіргенге дейін Герман Демократиялық Республикасы мен Батыс Германия коллективтік хауіпсіздік туралы жалпыевропалық договорға тең праволы қатысушы болған болар еді. Ал, елді біріктіргеннен кейін біртұтас бейбітшіл, демократиялық Германия договорға қатысушы болған болар еді. Міне, мұндай жағдайда Германияның, сондай-ақ, басқа европалық елдердің шын мәнісіндегі бейбітшілігі мен хауіпсіздігі қамтамасыз етілген болар еді.

Үш Батыс державасының билеуші топтары Советтің іргелі ұсыныстарын қабылдамады, ал, Аденаурдің үкметі, АҚШ-тың, Англияның және Францияның позициясына қосылды. Бірақ, бұдан Бонн

ҚАЙДА ОҚЫҒЫҢЫЗ КЕЛЕДІ

ҚАЗАҚ ТҰТЫНУШЫЛАР ОДАҒЫНЫҢ АЛМАТЫДАҒЫ ЖӨНЕ ӨСКЕМЕНДЕГІ КООПЕРАТИВТІК ТЕХНИКУМДАРЫ 1954-55 ОҚУ ЖЫЛЫНА ОҚУШЫЛАР АЛАДЫ

Техникум кооперативтік сауданың азық-түлік және басқа товарлардың товарведтері, жоспарлаушылар және бухгалтерлер даярлайды. Оқу мерзімі 3 жыл. Бірінші курсқа 7 класс көлемінде білімі бар және қабылдау емтихандарын ойдағыдай тапсырған 14-тен 30 жасқа дейінгі ССРО-ның ер және әйел азаматтары алынады.

Алматы кооперативтік техникумында өндірістік және азық-түлік товарларының товарведтері мен кооперативтік сауданың бухгалтерлік мамандығы жөнінде оқу мерзімі қысқартылған ерекше екі группа ұйымдастырылады. Бұл группаларға орта мектептің 10-классын бітірген оқушылар алынады. Оқуға түсушілерден қабылдау емтиханы төмендегі пәндер бойынша алынады:

- а) ССРО тарихы (ауызша); б) орыс тілі мен әдебиеті (ауызша және жазбаша шығарма); в) математика (ауызша және жазбаша).
Емтихандар орта мектептер үшін бекітілген программа бойынша өткізіледі. Қабылдау емтиханынан мыналар босатылады: а) жетіжылдық мектепті бітіргенде мақтау грамотасымен наградталғандар; б) орта мектепті бітіргенде алтын және күміс медальмен наградталғандар.

Техникумның бірінші курсына түсушілердің отличниктерден басқалары мына пәндер бойынша қабылдау емтиханынан өтеді: а) ССРО Конституциясы (ауызша); б) орыс тілі мен әдебиеттік оқу (ауызша және жазбаша диктант); в) математика (ауызша және жазбаша).

Өтініштер Алматы және Өскемен техникумдары директорларының атына жазылады, онда қай бөлімге түсетіндігі көрсетіліп, оған мынадай документтер тіркеледі:

Білімі жөніндегі куәлік (түп нұсқасы), туған жылы туралы нотариус растаған куәлігіннің көшірмесі; өмірбаяны, бас киімсіз түскен үш фотосуреті (3x4 см. мөлшерінде) осы оқу орнына кіруге бөгет болатын ауруының жоқтығы және денсаулығы жөнінде анықтама; әскери міндеттілер үшін — әскери билет, не тіркеу куәлігі (өзі ала келеді). Арыздар 1954 жылғы 1 июньнен 31 июльге дейін қабылданады. Қабылдау емтихандары августың 1-нен 20-на дейін болады. (Емтиханға шақыру бойынша келеді).

Оқу 1954 жылғы 1 сентябрьде басталады. Техникумға алынғандар, бірақ ешқандай себепсіз 10 сентябрьге дейін сабаққа қатыспағандар техникумнан шығарылады. Техникумға алынған оқушылар стипендия, жатақхана және төсек-орындармен жалпы тәртіп бойынша қамтамасыз етіледі. Техникумдардың адрестері: Алматы қаласы, Каргалинка поселкасы (Каргалинка жолы, автобус № 12).

Өскемен қаласы, Киров көшесі, 71-үй. ҚАЗАҚ ТҰТЫНУШЫЛАР ОДАҒЫ.

ПЕТРОПАВЛДЫҢ К. Д. УШИНСКИЙ АТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОҚИТУШЫЛАР ИНСТИТУТЫ 1954—55 ОҚУ ЖЫЛЫНА 1-КУРСҚА ОҚУШЫЛАР АЛАДЫ

Институтта үш факультет бар. 1. Физика-математика 2. Орыс тілі және әдебиет 3. Жаратылыс тану-география факультеті.

Институт орта мектептердің V—VII кластарына сабақ беретін оқу-тушылар даярлайды. Институтқа толық орта дәрежелі білімі бар ССРО-ның ер және әйел азаматтары алынады. Институтқа түсемін деушілер мынадай пәндер бойынша қабылдау емтиханын тапсырады:

- 1. Физика-математика факультеті: Орыс тілі мен әдебиет, физика-математика пәнінен. 2. Орыс тілі және әдебиет факультеті: Орыс тілі мен әдебиет, ССРО тарихы, география пәнінен. 3. Жаратылыс тану-география факультеті: Орыс тілі мен әдебиет, география, химия пәнінен. Орта мектепті бітіргенде алтын немесе күміс медальмен наградталғандар емтихансыз қабылданады. Қай факультетке түсетіндігі көрсетілген арыздар 1954 жылғы 20 июньнен 31 июльге дейін қабылданады. Қабылдау емтихандары осы жылғы августың 1-нен 20-на дейін болады.

Өтініш институт директорының атына жазылып, оған мынадай документтер тіркеуі керек: өмірбаяны, орта мектепті бітіргендігі жөніндегі аттестаты (түп нұсқасы), бас киімсіз түскен 3 фотосуреті, денсаулығы туралы дәрігердің анықтамасы (№ 286 үлгі). Паспортын, әскери билетін

дғы және Образцов МТС-тердің механизаторларын, Явленка, Торангүл совхоздарының жұмысшылары мен қызметкерлерін, «Новый путь», «Путь к социализму», Буденный атындағы, Ворошилов атындағы және басқа колхоздардың егіншілерін қамтыды.

Филармония артистерінің бұл концерттері зор табыспен өтті. Егіншілер концерт бригадасының мүшелеріне алғыс айтты. Бұрнағы күні концерт бригадасы Мамлют ауданына жүріп кетті.

Оқушылар экскурсияға барды

Жуырда қаладағы № 5 қазақ орта мектебінің 8 класс оқушылары оқытушы Ш. Құсайыновтың басқаруымен аэродромға экскурсияға барды. Бұл экскурсияда оқушылар самолет моторының құрылысымен және ауаның қысымын өлшейтін аспаптармен танысты.

Экскурсияға барған оқушылар самолеттің құрылысын таныстырған ұшқыш Пишкулдов жолдасқа алғыс айтты.

Т. АҚМЕДЖАНОВ.

ЗОР КӨМЕК

Булаев ауданындағы Еңбекші қазақ жетіжылдық мектебінің оқытушылары мен жоғары класс оқушылары көктемгі егіс жұмыстары кезінде колхозға зор көмек көрсетті. Олар оқудан бос уақыттарында колхоз даласында қажырлы еңбек етіп, 30 гектар жерге күнбағыс, бірнеше гектар картопты шаршы, ұялап отырғызып берді.

М. ЗАҒЫПАРОВ.

Францияның позициясына келісімімен са, француз үкметінің Индо-Қытайға жаңа әскери бөлімдер жіберуге шаралар қолданып жатқаны, Вьетнам халқына қарсы күресте америка қаруын барған сайын зор көлемде қолдануға тырысып отырғаны жұртқа мәлім.

Совет делегациясының басшысы В. М. Молотов Женева кеңесінде жасаған мәлімдемесінде былай деді:

«Женева кеңесіне байланысты Францияның алдында Индо-Қытайдағы жолдарды тандап алу туралы маңызды мәселе тұр. Бұл жол — Индо-Қытайдағы соғысты оған әрі жүргізу, мұның өзі Францияның ұлттық мүдделерін қанағаттандыру жолында ешқандай жақсылыққа жеткізуге уәде бермей, өзіне мүлде жат агрессиялық жоспарлар үшін соғысты ұлғайта беруге әкеліп соқтырады. Екінші жол — келіссөздер жүргізу, ең алдымен, Вьетнам халқымен келіссөздер жүргізу

лы, ал, екіншісі — келісімге жету, бұкіл Германиямен бітім договорын жасау, шетелдік әскерлерді әкету жолы, біртұтас, тәуелсіз, бейбітшіл және демократиялық Германия құруға жеткізетін жол. Неміс халқы өзінің қай жолмен алға басқысы келетіні туралы мәселе жөнінде өз пікірін еркін білдіру мүмкіндігін алуға тиіс».

Батыс германиялық делегаттардың ұсынысы бойынша, конгресс Бонн бундестагі мен Герман Демократиялық Республикасының Халық палатасына хат жолдап, бүкілхалықтық дауысқа қою науқанын өткізуді өтінді. Мұндай дауысқа қою бүкіл неміс халқының шын талабын анықтауға мүмкіндік береді.

Германияның шығыс бөлегінде, сондай-ақ, батыс бөлегінде де халықтың барлық топтары конгрестің қарарларына мейлінше қызу үн қосып, оны қостады. Батыс Германияда неміс патриоттары

ӘН МЕЙРАМЫ

Өткен жексенбіде қаладағы «Динамо» стадионында Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы құрметіне ән мейрамы өткізілді. Стадионға қаланың 20 мыңнан астам еңбекшілері жыйналды.

Мейрам кезінде қаладағы барлық кәсіпорындар мен оқу орындарының және мекемелердің көркемөнерпаздар үйірмелері коллективтерінің күшімен құрылған хор, жұмысшы клубтарының көркемөнерпаздар үйірмелерінің мүшеле-

рі концерт берді. Хорға екі мыңға жуық адам қатысты.

Әсіресе, Ленин атындағы клубтың көркемөнерпаздар үйірмесінің мүшелері көрсеткен ССРО халықтарының билері өте табысты өтті. Сол сыяқты, қаладағы оқу орындарының біріккен хоры орындаған «Партия біздің бастаушымыз» атты әнді мейрамға келушілер сүйсіне тыңдады.

Кешке мейрамға қатысушы қала еңбекшілері қалалық демалыс және тынығу паркінде болды.

ның халқы қосылып отыр деген ұғым тіпті де тумайды. Батыс Германияның тіпті көптеген буржуазиялық газеттері де Аденауэрдің Советтік ұсыныстарға қарсы шығуы неміс халқының ынтызар мүдделеріне қайшы келіп отыр деп жазауда.

Кәзіргі уақытта Германияның барлық жерлерінде: «Германияның тағдырын неміс халқы шешуге тиіс» деген ұранмен халық қозғалысы күшейе түсуде. Бұл қозғалысқа өз елінің бейбітшілігі мен бірлігіне мейлінше мүдделі болып отырған адал ниетті немістердің бәрі де қосылуда, ал, Герман Демократиялық Республикасы біртұтас, бейбітшіл, тәуелсіз және демократиялық Германия құру жолындағы күрестің авангардында келеді.

Д. БОЧАРОВ.

— 000 —

«ЛЕНИН ТУЫНЫҢ» ДАБЫЛЫНАН KEIIN «Колхозшылардың тілегі»

Газетіміздің осы жылғы 9 майдағы санында «Колхозшылардың тілегі» деген тақырыппен жарияланған тілші хатында Ленин ауданындағы Мәдениет ауылында дүкен жабылып қалғандығы, ал, Комсомол селолық тұтынушылар қоғамының председателі Клен жолдастың ауылда қайтадан дүкен ашу мәселесіне көңіл бөлмей отырғандығы айтылған болатын.

Еңбекшілер депутаттары Ленин аудандық Советі атқоми председателінің орынбасары Бүдербеков жолдас редакцияға жуырда Мәдениет ауылында дүкеннің ашылғандығын хабарлады.

☆

Өткен жексенбі күні «Динамо» ерікті спорт қоғамының стадионында қалалық ән мейрамы болып өтті. Оған қаланың көптеген еңбекшілері қатысты.

СУРЕТТЕ: қала оқытушыларының біріккен хоры ән мейрамында өлең айтып тұр.

Суретті түсірген А. Розенштейн

☆

Редактордың орынбасары
Г. НҰРМОЛДИН.

немесе әскери есеппе тұрғандығы жөніндегі анықтаманы өздегі жергілікті комиссиядан көрсетеді.

Студенттерге стипендия төленеді.

Институт басқа жақтан келген студенттерді жатақханамен қамтамасыз етеді немесе жеке пәтерге тұру үшін айына 30 сом мөлшерінде пәтер ақы төлейді.

Институттың адресі: Петропавл қаласы, Киров көшесі, 37-үй. Оқытушылар институты.

ДИРЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ССР СОВХОЗДАР МИНИСТРЛІГІНІҢ ПЕТРОПАВЛДАҒЫ ЗООТЕХНИКАЛЫҚ-МАДӘРІГЕРЛІК ТЕХНИКУМЫ 1954—55 ОҚУ ЖЫЛЫНА БУХГАЛТЕРЛЕР ДАЯРЛАЙТЫН БӨЛІМНІҢ БІРІНШІ КУРСЫНА ОҚУШЫЛАР АЛАДЫ

Техникум орта мамандықтағы бухгалтерлер даярлайды.

Оқу мерзімі 4 жыл.

Оқуға VII класс көлемінде білімі бар 14 жастан 30 жасқа дейінгі азаматтар қабылданады.

Оқуға түсушілерден мына пәндер бойынша: орыс тілінен (жазбаша-диктант), орыс тілі және әдебиеттен (ауызша), математикадан (жазбаша, ауызша), ССРО Конституциясынан (ауызша) емтихан алынады.

Қабылдау емтихандары ССРО Жоғарғы білім министрлігі бекіткен программа бойынша осы жылғы августтың 1-нен 20-на дейін жүргізіледі. VII класты өте жақсы деген бағамен бітіріп шыққандар техникумға емтихансыз қабылданады.

Өтініштер осы жылғы 1 июньден 31 июльге дейін қабылданады.

Өтініштермен бірге мына документтерді қоса тапсыру қажет:

VII класты бітіргендігі туралы куәлік (түп нұсқасы), туған жылы туралы куәлік (көшірмесі, нотариус анықтаған болуы керек), денсаулығы туралы дәрігердің анықтамасы, өмірбаяны, 3x4 сантиметрлік үш фотосуреті, тұрған жерінен алған анықтама. Паспортын, әскери билетін (запастағы әскери міндеттілер үшін) немесе тіркелу куәлігін (әскерге шақырылу жасындағылар үшін) өздері келгенде көрсетеді.

Өтініш тапсырғандардың барлығына да (жоғарыда көрсетілген документтері толық болса) техникум шақыру жібереді, сол бойынша техникумға түсушілер емтихан тапсыруға, ал, оқуға емтихансыз қабылданғандар оқуға келеді.

Басқа жерлерден келіп оқийтындар жатақханамен немесе айына 25 сом мөлшерінде пәтер ақымен қамтамасыз етіледі.

Оқу 1 сентябрьде басталады.

Өтініштерді жоғарыда аталған документтермен қоса мына адреске жіберу керек: Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Крупская атындағы көше, 47-үй. (Ойқала) Зоотехникалық-малдәрігерлік техникум.

ДИРЕКЦИЯ.

1954 жылдың екінші жартысына облыстық «Ленин туы» және «Ленинское знамя» газеттеріне жазылушылар қабылдана бастады

Газеттерге Байланыс министрлігінің барлық конторларында, бөлімшелері мен агенттіктерінде, кәсіпорындарындағы, мекемелердегі, совхоздардағы, колхоздар мен МТС-тердегі қоғамдық өкілдер арқылы жазылуға болады.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ТАЙГАДАҒЫ УАҚЫҒА»

Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ҚОЗЫ-КӨРПЕШ ЖӘНЕ БАЯН-СҰЛУ»

Сағат 8-30, 10-30-да басталады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР. редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-52, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.